В третьей развернутой формуле (1975 г. – стк. 5-8; 1982 г. – стк. 17-23; 1986 г. – стк.28-31) в разных записях изменен порядок стихов, грамматических форм слов, количество строк.

В первой строке третьей эпической формулы в записях 1982 и 1986 гг. вместо слова *аймајым* ‘шлемена’(запись 1975г.) сказитель употребил слово *сахам* ‘моих якутов’. Вторая строка *ураха сонноођум* ‘в шубах, словно ураса’ (по объяснению В.О.Каратаева: якутская шуба (доха), имела широкие полы, что придавало ей вид урасы, т.е. усеченного конуса [15]) в записях 1982 и 1986 гг. одинаковая. В записи 1975 г. строка об одежде стоит на третьем месте, в ней сказитель заменил *ураха* на *убаћа* ‘жеребячье [шкура]’. В этой же записи слово *сонноох* - ‘в шубах’ не имеет притяжательной формы. Фразеологизм *уу нъамаан тыллаађым* ‘многоречивые’ в записи 1975 г. отсутствует, тогда как в записях 1982 и 1986 гг. сказитель его использует в третьей строке как формульное выражение. Фразеологизм *үнatty уллуђахтаах* ‘со ступнями продольными’ в записи 1975 г. следует второй строкой. Последняя строка третьей эпической формулы сходна в записях 1975 и 1986 гг. (кроме вариативных грамматических форм в слове *иилигинэ-ииликтэринэ*: ед. и мн.ч.), в записи 1982 г. представлена в двух строках, и вместо слова *кэлсэтэ* ‘разговорились’ сказитель употребил словосочетание *ол бу дии* ‘о том о сем не толковали еще’.

Четвертая эпическая формула в записи 1975 г. отсутствует. В записях 1982 и 1986 гг. первая строка этой формулы дается без каких-либо изменений. Во второй строке в записи 1986 г. вместо фразеологизма *куодалаах уңдохтаахтарым* ‘с меченой костью’ (1982 г.) олонхосут употребил словосочетание *биттэнэн билэ илигинэ* [будущего] не преднаменовал еще’. В записи 1982 г. слово *аймак* ‘сородич’ использовано во множественном числе - *аймахтарым*, а в записи 1986 г. - в единственном – *аймак*.

В записи олонхо 1986 г. В.О.Каратаев дополнил данное типическое место следующей развернутой формулой [20]:

- | | |
|------------------------------------------|--------------------------------------|
| 1. <i>Ус саха уедүйэ илигинэ</i> , | 1. Три якута еще не возникли, |
| 2. <i>Түөрт саха төрүттэнэ илигинэ</i> , | 2. Четыре якута еще не произошли, |
| 3. <i>Биэс саха биллэ илигинэ</i> , | 3. Пять якутов еще не были известны, |
| 4. <i>Алта саха айылла илигинэ</i> , | 4. Шесть якутов еще не сформированы, |
| 5. <i>Уон улуус олохтоно илигинэ</i> | 5. Десять улусов еще не основались |

Стк. 1-5

Это типическое место состоит из пяти строк, вариативно описывающих эпическое время. Сквозной повтор, связывающий строки словом *илигинэ* (отрицательная частица ‘не’) подчеркивает неосуществленность, незаконченность событий. Внутри строк повторяющееся слово *саха* образует редифную рифму.

В этой формуле опорными в каждой строке являются слова: *саха* ‘якут’, *илигинэ* ‘не’. А числа в начале строки (*ус* ‘три’, *түөрт* ‘четыре’, *биэс* ‘пять’, *алта* ‘шесть’, *уон* ‘десять’), и глагольные формы (*уедүйэ* ‘не возникли’, *төрүттэнэ* ‘не произошли’, *биллэ* ‘не известны’, *айылла* ‘не сформированы’, *олохтоно* ‘не основались’) создают вариации.

Такую же формулу в кратком виде встречаем в олонхо И.Г. Тимофеева-Теплоухова «Строптивый Кулун Куллустуур» [21]:

- | | |
|--------------------------------------|----------------------------------------|
| 3. <i>Түөрт саха төрүү илигинэ</i> , | 3. Когда четыре якута еще не родились, |
| 4. <i>Ус саха уескүү илигинэ</i> , | 4. Три якута еще не явились на свет, |
| 5. <i>Икки саха иитиллэ илигинэ</i> | 5. Два якута еще не были вскормлены |

Стк.3-5

Разница в этих примерах в том, что в «Могучем Эр Соготохе» числительные идут по возрастанию, а в «Строптивом Кулун Куллустууре» - по убыванию.

Итак, для описания времени первотворения сказитель использует устойчивые типические места, которые, соответственно своему художественному дару он обогащает вариативности поэтическими строками,

Т.Илларионова. Вариативность типических мест в якутском...

чтобы настроить слушателей на возышенный лад для лучшего восприятия удивительного эпического мира.

II.A.11.a. Гнев богатыря

Описание гнева богатыря в олонхо В.О.Каратаева представлено двумя вариантами. Первый вариант [22, 23]:

Запись 1975 г.:

1ЭФ.

2111. *ус спринэн булгу хапыт*

2112. *хатан укулаат сырайдаммыта,*

2112. Лицо его стало подобно

перезакаленному булату

2111. треснувшему в трех местах,

2ЭФ.

2113 *турулүөкэлээх уот харахтаммыта,*

2113. взор его пламенем запыпал,

3ЭФ.

2114. *бэскитин төрдүттэн сиэрэ уота*

2115. *сирилия убайан түнэн барбыта,*

2114. из корней его волос искры

2115. стали с треском сыпаться,

4ЭФ.

2116. *былчынын иниирэ*

2117. *дьорохой балык курдук*

2118. *туллээний оонньообута...*

2116. мышцы его,

2117. словно рыбы щурята,

2118. стали всучиваться.....

отсутствует

Запись 1982 г.:

1ЭФ.

2886. *Кинн обургу*

2887. *Ус спринэн булгу хапыт*

2888. *Хатан укулаат сырайдаммыта,*

2886. У него, молодца,

2888. Лицо его стало подобно

перезакаленному булату

2887. треснувшему в трех местах,

2ЭФ.

2889 *турулүөкэлээх уот дъааны*

харахтаммыт.

2889. взор тревожным пламенем

запыпал,

3 ЭФ. отсутствует

4ЭФ.

2890. *Былчынын иниирэ*

2891. *Дьорохой балык курдук*

2892. *Сүүрээлия оонньообута,*

2890. мышцы его,

2891. словно рыбы-щурята,

2892. забегали-заиграли,

5ЭФ.

2893. *Сутуруктуу тутта-тутта,*

2894. *Ыныктан кэбистэйин аайы,*

2895. *Тарбајын төбөтүттэн*

2896. *Хара хааннаар*

сындылыстыгтара.

2893. зычно он закричал,

2894. так скжал кулаки,

2895. что из кончиков пальцев

2896. темная кровь тягуче закапала.

стк. 2886-2896

стк. 2111-2118

ТУРКОЛОГИЯ, № 4, 2011

В записях 1975 и 1982 г. описание гнева богатыря одинаково в основных моментах и состоит из четырех эпических формул.

Первая формула в записи 1975 г. состоит из двух строк, в записи 1982 года добавляется еще одна строка *кини обургу* ‘у него, молодца’, в результате чего содержание формулы не изменяется, но уточняется. В обеих записях формула одинакова.

Во второй формуле в записи 1982 года добавлено слово *дъааны* – ‘тревожный’.

Четвертая формула в записях 1975 и 1982 г. состоит из трех строк. Первые две строки в обеих записях схожи. В третьей строке в записи 1982 г. вместо *. туллэнни* ‘вспучиваться’ сказитель употребил слово *сүүрэжлийн* ‘забегали’.

В записях 1975 и 1982 гг. добавлена четвертая формула, которую мы отметили в записи 1975 г. – 3ЭФ, а в записи 1982 г. – 5ЭФ. В обеих формулах видна вариативность. В записи 1975 г. в третьей формуле говорится: *бэскитин төрдүттэн сиэрэ уота сирилии убайан туһэн барбыта* ‘из корней его волос искры стали с треском сыпаться’, в записи же 1982 г. в пятой эпической формуле указано: *тарбајын төбөтүттэн хаара хааннаар сыңдылыстыттара* ‘что из кончиков пальцев темная кровь тягуче закапала’..

Второй вариант этого типического места выглядит следующим образом [24, 25]:

Запись 1982 г.

1ЭФ.

4214. *Иниирин тыага*

4215. *Иистэнэр массыны тыагын курдук*

4216. *Лийнтирийн кыннын*,

4214. Его сухожилия,

4215. Подобно швейной машинке,

4216. Стали стучать-трещать,

2ЭФ.

4217. *Быгчынын иниирэ*

4218. *Дьороххой балык курдук*

4219 *Сүүрэлийн оонньоон,...*

4217 Мышицы его,

4218 Подобно щурятам,

4219 стали сновать-играть -

стк. 4214-4219

Запись 1986 г.

2ЭФ.

5048. *Иниирин тыага, быгчытын иниирэ*

5049. *Дьороххой балык курдук*

5050. *Туллэнний оонньоото,*

5048. Его сухожилия, мышцы его,

5049. Подобно щурятам,

5050. Играя, всучились,

1ЭФ.

5051. *Иниирин тыага*

5052. *Иистэнэр массыны тыагын курдук*

5053 *Лийнтирийн хонор буолла.*

5051 Его сухожилия,

5052 Подобно швейной машинке,

5053 Стали ночью трещать

стк. 5048-5053

Т.Илларионова. Вариативность типических мест в якутском...

В обеих записях это типическое место состоит из двух формул. Сказитель при исполнении этого данного типического места переставил формулы местами: в первой формуле в записи 1982 г. – стк. 4214-4216, в записи 1986 г. – стк. 5051-5053. Первые две строки в обеих записях одинаковы. Третий строки различаются: вместо словосочетания *линигирии кыннын* ‘стали стучать-трещать’ (1982г.) сказитель употребил словосочетание *хонор буолла* ‘стали ночью трещать’ (1986г.).

Вторая эпическая формула состоит из трех строк: 1982 – стк. 4217-4219, в записи 1986г. – стк. 5048-5050. К первой строке в записи 1986 г. добавлено словосочетание *ишириин тыана* ‘его сухожилие’. Вторая строка в обеих записях одинакова. В третьей строке в записи 1986 г. вместо *сүүрэжэлий* ‘забегали’ (1982 г.) сказитель употребил *туллэнний* ‘вспучились’.

П.Б.4.а. Богатырский бег коня

В трех разновременных записях олонхо В.О.Каратаева типическое место, содержащее характеристику бега коня, встречается в двух вариантах. Первый вариант [26,27]:

В записи 1975 г.	В записи 1982 г.	В записи 1986 г.
1ЭФ.	1ЭФ.	1ЭФ.
1667. <i>Көңүтэ тэбэн</i> кээспүт спирэрэ	933. <i>Көңүтэ тэлшитэ –</i>	1173. <i>Көңүтэ тэлтэрбиятэ,</i>
1668. <i>Көлүйэ күөл саја</i> буолан чөнөрөслүттэр	934 <i>Күөл онно буолан</i> чөнөрүстүллэр,	1174. <i>Күөл онно буолан</i> чөнөрөслүттэрэ,
1667. Места выбоин от копыт коня,	933. Выбоины от копыт коня	1173. Выбоины от копыт коня
1668. став ямами, равными озеркам, округлились,	934. В ложа круглых озер превращались,	1174. в ложа круглых озер превращались,
2ЭФ. отсутствует	2ЭФ. отсутствует	2ЭФ.
		1175. <i>Хайыга тэлтэрбиятэ</i>
		1176. <i>Хайа аштата буолан</i> аналласпыттара,
		1175. вздребезги разбитые места,
		1176. став ущельями гор, перекликались,

ТУРКОЛОГИЯ, № 4, 2011

В записи 1975 г. 3ЭФ. 1669. Турута тэбэн кээспилт мөчөхтөрө	В записи 1982 г. 3ЭФ. 935. Сыгынах мастары сыйый тэшпилтэ –	В записи 1986 г. 3ЭФ. 1177. Сыйыйта тэлтэрбийтэ сыгынах мастары 1178. сырђан эхэ буолан сыннылыга оонньообуттара,
1670. сырђан эхэ курдук сыналыя хаалбыттара,	936. Сырђан эхэ буолан сырсыбыттара,	
1671. сур берэ курдук сырсан тамаласпыттара,		
1669. Комки, выбитые копытами,	935. Вывороченные коряги,	1177. раскинутые напрочь вывороченные коряги
1670. остались волить, подобно свирепым медведям,	936. Свирепыми медведями оборотясь, разбегались,	1178. свирепыми медведями оборотясь, жалобно стенали,
1671. стали рассыпаться- разбегаться, подобно серым волкам,		
4ЭФ. отсутствует	4ЭФ. 937 Эмэх мастары эмтэрятэ тэшпилтэ –	4ЭФ. 1179 Эмтэрятэ тэлтэрбийтэрэз эмэх мастара 1180 Эбээн эмэхсингэ буолан энэлийэ хаалбыттара.
5ЭФ. 1672. ойута тэбэн кээспилт...[мечехтөрө]	937. деревья, в труху рассыпавшись,	1181. Гнилушки, в прах разбитые,
1673. бойбуруун көтөхпут ыт ођотун курдук буоланиар	938. тунгусскими старухами оборотясь,	1182. Тунгусскими старухами оборотясь,
1674. хоту сођуруу бойборуспүттара	939. причитая, позади оставались	1183. Причитая, позади оставались
1672. [Комки], напрочь отбитые копытами,		
1673. став подобными вставшим на ноги щенкам,		
1674. разбежались на север и юг		
стк. 1667-1674	933-939	1173-1183

В записях 1975г. и 1982г. описание богатырского бега коня состоит из трех эпических формул. В записи 1986 г. добавлена одна формула. В записи 1975 г. в первой строке первой эпической формулы имеется

Т.Илларионова. Вариативность типических мест в якутском...

словосочетание *кээспит сирдэрэ* ‘места выбоин’, которое уточняет, в каком месте появилась выбоина от копыт коня. В глагольной форме *тэшпитэ* ‘распинавший’ (1982 г.) сказитель передает преждеопределенное повествовательное время с помощью аффикса причастия *-пит*. В записи 1975 г. глагол *тэбэн* ‘распинав’ дается в прошедшем результативном времени с помощью аффикса деепричастия *-эн*. В записи 1986 г. этот глагол дается, как и в первой записи, в преждеопределенном повествовательном времени во множественном числе с помощью аффикса причастия *-бит*. Во втором стихе в записи 1975 г. слово *кэлүйэ* ‘маленькое озеро’ сочетается со служебным словом *саһа* ‘равный, подобный кому-чему-либо’, образуя устойчивое сравнение. Глагол *чөңөрүс* ‘превратиться’ в трех записях дается в разных временах. В записи 1975 г. глагол стоит в форме преждеопределенного повествовательного времени с аффиксом причастия *-быт*, в записи 1982 г. глагол *чөңөрүстүлэр* ‘превращались’ дается в прошедшем результативном времени, которое образуется сочетанием деепричастной формы на *-ан*, в записи 1986 г. – в преждеопределенном повествовательном времени во множественном числе.

В третьей эпической формуле в первом стихе записи 1975 г. имеется слово *мөчөхтөрө* ‘комки’. В записях же 1982 и 1986 гг. сказитель использует словосочетание *сыгынах мастары* ‘вывороченные коряги’. Как и в предыдущей формуле, во втором примере употребляются глаголы разного времени. Во второй строке во всех трех записях варьируются словосочетания *сыналыйя хаалбыттара* ‘причитая, позади остались’, *сыннылына оонньообуттара* ‘стремительно разгулялись’, глагол *сырсыбыттара* ‘разбежались’. В записи 1975 г. в этой строке сказитель добавил служебное слово *курдук*, ‘подобно’. Здесь же В.О. Карагаевым использована дополнительная строка (стк. 1671), которая переводится ‘подобно серым волкам, разбежались’ (перевод уточнен нами).

Четвертая формула в записях 1982 и 1986 гг. состоит из трех стихов. Как и в предыдущих формулах, здесь глаголы даются в разном времени. В записи 1986 г. в первой строке сказитель поменял строй стиха. Вторая и третья строки в обоих записях в целом одинаковы (*тэшпитэ-тэлтэрбиптэрэ*).

В записи 1975 г. при описании бега богатырского коня используется еще одна – пятая – эпическая формула, в которой появляется новое сравнение: комки земли от ударов копыт коня уподоблены разбегающимся щенкам.

ТУРКОЛОГИЯ, № 4, 2011

В записи 1986г. сказителем также добавлена эпическая формула (вторая), в которой говорится, что от удара копыт коня образовалось ущелье в горе.

Второй вариант [28,29]:

Запись 1982 г.	Запись 1986 г.
1ф.	1ф.
1860. Тэхтир сиртэн,	1920. Ат сылгыта
1861. Тэбинэн көпүтэ,	1921. Тэхирэн тэбинэн көпүтэ,
1860. От бугристой земли	1922. Очуртан оյустаран ойбута...
1861. Оттолкнувшись, [конь]взвился вверх,	1920. Его конь 1921. Отталкиваясь от бугристой [земли], взвился вверх, 1922. На ухабистых [местах] спотыкаясь, поскакал...

2ф.

1862. Очур сиртэн
1863. Ойуолатан киирэн барбыта.

1862.Отталкиваясь от ухабистой земли
1863. вскачь пустился;

стк. 1860-1863

стк. 1920-1922

Это типическое место в записи 1982 г. состоит из двух эпических формул, а в записи 1986г. сказитель две формулы соединил в одну.

Как показал анализ описаний эпического времени, гнева богатыря и богатырского бега коня, формулы и типические места в эпосе вариативны. Вариативность создается за счет введения новых слов, сокращения или расширения поэтических словосочетаний, которые возникают при каждом исполнении олонхо вследствие импровизации. Сказитель, обладавший прекрасной памятью, мог бы исполнять типические места без изменений. Но мастерство импровизатора позволяло ему при каждом исполнении олонхо несколько изменять устойчивые формулы для поддержания красочности и яркости исполняемого им эпоса, но в рамках эпической традиции.

ЛИТЕРАТУРА

1. Лорд А.Б. Сказитель. – М.: Наука, 1994. – С. 64.
2. Илларионов В.В. Искусство якутских олонхосотов. – Якутск: Кн. изд-во, 1982. – С. 127.
3. Смирнов Ю.И. Сходные описания в славянских эпических текстах и их значение // Славянский и балканский фольклор. – М., 1971. – С. 124.

Т.Илларионова. Вариативность типических мест в якутском...

4. Путилов Б.Н. Искусство былинного певца: из текстологических наблюдений над былинами // Принципы текстологического изучения фольклора. – М.; Л.: Наука, 1966. – С. 233.
5. Илларионов В.В. Искусство якутских олонхосотов. – Якутск: Кн.. изд-во, 1982. – С. 72.
6. Онежские былины, записанные Александром Федоровичем Гильфердингом летом 1871 года: с двумя портретами онежских рапсодов и напевами былин. - СПб.: Тип. Император.Акад.наук, 1873. – С. 8.
7. Мелетинский Е.М. Происхождение героического эпоса: (Ранние формы и архаические памятники). – М., 1963. – 462 с.
8. Смирнов Ю.И. Сходные описания в славянских эпических текстах и их значение // Славянский и балканский фольклор. – М., 1971. – С. 124.
9. Строптивый Кулун Куллустуур: Якутское олончо. (Эпос народов СССР). – М.: Наука, 1985. – С. 575.
10. Кузьмина Е.Н. Сиситетализация типических мест эпоса сибирских народов // Гуманитарные науки в Сибири. – 2001. - №3. - С.43.
11. Модун Эр Сођотох / Исполнитель В.О. Карагаев; Зап. 1975 и 1986 гг.; Зап. В.П. Еремеева, В.В. Илларионова; Расшифровка В.В. Илларионова (1975 г.); Зап. М.Л. Диых, Ю.И. Шейкина; Расшифровка В.В. Илларионова (1986 г.) // Архив ЯНЦ СО РАН Ф.5, оп.7, д. 153.
12. Могучий Эр Соготох. Якутский героический эпос. – Новосибирск: Наука. Сибирская издательская фирма РАН, 1996. – 440с. – (Памятники фольклора народов Сибири и Дальнего Востока т.10).
13. Кузьмина Е.Н. Указатель типических мест героического эпоса народов Сибири (алтайцев, бурят, тувинцев, хакасов, шорцев, якутов). – Новосибирск: Изд-во СО РАН, 2005. – С.12.
14. Кузьмина Е.Н. Указатель типических мест героического эпоса народов Сибири (алтайцев, бурят, тувинцев, хакасов, шорцев, якутов). – Новосибирск: Изд-во СО РАН, 2005. – С.13.
15. Модун Эр Сођотох / Исполнитель В.О. Карагаев; Зап. 1975 и 1986 гг.; Зап. В.П. Еремеева, В.В. Илларионова; Расшифровка В.В. Илларионова (1975 г.); Зап. М.Л. Диых, Ю.И. Шейкина; Расшифровка В.В. Илларионова (1986 г.) // Архив ЯНЦ СО РАН Ф.5, оп.7, д. 153. – зап. 1975 г. – л. 1-2; зап. 1986 г. – л. 1.
16. Могучий Эр Соготох. Якутский героический эпос. – Новосибирск: Наука. Сибирская издательская фирма РАН, 1996. – С. 76. – (Памятники фольклора народов Сибири и Дальнего Востока т.10).
17. Илларионов В.В. Жизнь и творчество олонхосута А.С. Васильева / Якут. гос. ун-т им. М.К. Амосова. – Якутск: ДНиСПО МО РС(Я), 2000. – С. 61.
18. Модун Эр Сођотох / Исполнитель В.О. Карагаев; Зап. 1975 и 1986 гг.; Зап. В.П. Еремеева, В.В. Илларионова; Расшифровка В.В. Илларионова (1975 г.); Зап. М.Л. Диых, Ю.И. Шейкина; Расшифровка В.В. Илларионова (1986 г.) // Архив ЯНЦ СО РАН Ф.5, оп.7, д. 153. - зап. 1975 г. – л. 1; зап. 1986 г. – л. 2.
19. Могучий Эр Соготох. Якутский героический эпос. – Новосибирск: Наука. Сибирская издательская фирма РАН, 1996. – С.76. – (Памятники фольклора народов Сибири и Дальнего Востока т.10).

ТУРКОЛОГИЯ, № 4, 2011

20. Модун Эр Сођотох / Исполнитель В.О. Карагаев; Зап. 1975 и 1986 гг.; Зап. В.П. Еремеева, В.В. Илларионова; Расшифровка В.В. Илларионова (1975 г.); Зап. М.Л. Диных, Ю.И. Шейкина; Расшифровка В.В. Илларионова (1986 г.) // Архив ЯНЦ СО РАН Ф.5, оп.7, д. 153. – зап. 1975 г. – л. 1-2; зап. 1986 г. – л. 1.
21. Строптивый Кулун Куллустуур: Якутское олонхо. (Эпос народов СССР). – М.: Наука, 1985. – С. 5.
22. Модун Эр Сођотох / Исполнитель В.О. Карагаев; Зап. 1975 и 1986 гг.; Зап. В.П. Еремеева, В.В. Илларионова; Расшифровка В.В. Илларионова (1975 г.); Зап. М.Л. Диных, Ю.И. Шейкина; Расшифровка В.В. Илларионова (1986 г.) // Архив ЯНЦ СО РАН Ф.5, оп.7, д. 153. – зап. 1975 г. – л. 45;
23. Могучий Эр Соготох. Якутский героический эпос. – Новосибирск: Наука. Сибирская издательская фирма РАН, 1996. – С.216. – (Памятники фольклора народов Сибири и Дальнего Востока т.10).
24. Могучий Эр Соготох. Якутский героический эпос. – Новосибирск: Наука. Сибирская издательская фирма РАН, 1996. – 274. – (Памятники фольклора народов Сибири и Дальнего Востока т.10).
25. Модун Эр Сођотох / Исполнитель В.О. Карагаев; Зап. 1975 и 1986 гг.; Зап. В.П. Еремеева, В.В. Илларионова; Расшифровка В.В. Илларионова (1975 г.); Зап. М.Л. Диных, Ю.И. Шейкина; Расшифровка В.В. Илларионова (1986 г.) // Архив ЯНЦ СО РАН Ф.5, оп.7, д. 153. – Зап. 1986 г. – 109.
26. Модун Эр Сођотох / Исполнитель В.О. Карагаев; Зап. 1975 и 1986 гг.; Зап. В.П. Еремеева, В.В. Илларионова; Расшифровка В.В. Илларионова (1975 г.); Зап. М.Л. Диных, Ю.И. Шейкина; Расшифровка В.В. Илларионова (1986 г.) // Архив ЯНЦ СО РАН Ф.5, оп.7, д. 153. – зап. 1975 г. – л. 39; зап. 1986 г. – л. 30.
27. Могучий Эр Соготох. Якутский героический эпос. – Новосибирск: Наука. Сибирская издательская фирма РАН, 1996. – 120с. – (Памятники фольклора народов Сибири и Дальнего Востока т.10).
28. Могучий Эр Соготох. Якутский героический эпос. – Новосибирск: Наука. Сибирская издательская фирма РАН, 1996. – 164с. – (Памятники фольклора народов Сибири и Дальнего Востока т.10).
29. Модун Эр Сођотох / Исполнитель В.О. Карагаев; Зап. 1975 и 1986 гг.; Зап. В.П. Еремеева, В.В. Илларионова; Расшифровка В.В. Илларионова (1975 г.); Зап. М.Л. Диных, Ю.И. Шейкина; Расшифровка В.В. Илларионова (1986 г.) // Архив ЯНЦ СО РАН Ф.5, оп.7, д. 153. – зап. 1986 - С.52.

REZUME

T.ILLARIONOVA (Saha)
DIFFERENT VARIANTS OF YAKUT HERO EPOSES
(on the different time olonho notes of “Great Er Sogotokh” by V.O.Karatayev)

The article deals with the different variants of olonho notes of “Great Er Sogotokh”
by V.O.Karatayev.

Болат ҚОРҒАНБЕКОВ

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ ХИКМЕТТЕРІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ
ЖОҚТАУ ЖАНРЫ**

Статья посвящена исследованию содержательных и образных взаимосвязей между хикметами Хожа Ахмеда Ясауи и жанра оплакивания в казахском фольклоре.

Bu makalede, Ahmet Yesevi hikmetlerinin Kazak folklorundaki ağıt janrıla olan ilişkisi incelemiştir.

Қожа Ахмет Ясаудің қазақ мәдениетіндегі орны өлшіусіз. Үлттық дүниетанымыздың қалыптасуында Ясаудің хал-хикмет ілімі жетекші рөл атқарған болса, оның «Диуани хикмет» жинағы осы ілімді таратудағы ең басты құрал болды. Соңықтан да ол халық арасында кие-қасиеті күшті, қымбат рухани қазына ретінде қастерленіп келді. «Диуани хикмет» қазақтар арасында жазбаша да, ауызша да тарады. Әйтте де, соңғысы басымырақ болды. Әрбір отбасындағы жандардың хикметтерді белгілі дәрежеде жатқа білуі Қожа Ахмет Ясаудің халық жүргегінің төрінен орын алуына жол ашты. Жатқа айтылу нәтижесінде Ясауи хикметтері фольклорлық шығармаларға зор ықпал етті. Соның жарқын мысалын қазақ жоқтауларынан көруге болады.

Жоқтау – көнеден келе жатқан фольклорлық жанр. Оған Білге қаған, Құлтегін ескерткіштері және Махмұт Қашқарі сөздігіндегі Алып Ер Тоқаны (Афрасиаб) жоқтау күе бола алады. А.Байтұрсынулының 1926 жылы Мәскеуде бастырылған «23 жоқтау» жинағында қамтылған шығармалар өзінің дүниеге келген дәүірі жөнінен бес жұз жылдай уақытты қамтиды. Бұл – аталмыш туындылардың халықтың рухани қажеттілігін әрдайым қанағаттаңдырып келгендейгінің және ислам құндылықтарымен біte қайнасып кеткендігінің дәлелі. Академик Ә.Марғұлан: «Жоқтау – Орхон жазуларының түбекейлі аялғысы [1], – дейді. Түркі халықтарының өмірінде маңызды рөл атқарған жоқтаулардың Ясауи шығармашылығына тигізген ықпалы да жоқ емес.

Қазақ мәдениеті мен өнеріне күшті өссер еткен Ясауи хикметтерінің жоқтау сияқты көне фольклорлық жанрлардың соны мазмұн табуына септігі тигені анық. Сол себепті сонының жолға тән таным мен түсінік қазақ жоқтауларынан да байқалады. Кеңестік дәүірде жоқтау өлеңдерін ислам қағидаларына қайыштық ретінде, яғни тағдырға қарсылық ретінде көрсетуге тырысушылық ғылыми әдебиеттерден кең орын алды. Бұл жөнсіз қисын еді. Өйткені жоқтаулардан тағдырға қарсылық емес, керісінше, тағдырға мойынсұну, өлімнің хак екенін мойындау мазмұны басты орын алған. Жоқтаудың ең басты мақсатының бірі – дүниеден еткен қайраткердің жақсы істерін мақтау, дәріштеу, көпке үлгі ету. Бұл – лайықсыз адамды дәріштең, шындықты бұрмалау емес. Жоқтау кез келген адамға айтылмаған, елге еңбегі сіңген, халық сүйген адамдарға арналған. Оны белгілі ақындар шығарған.

Халық шығармашылығының білгірлері А.Байтұрсынұлы [2], Х.Досмұхамедұлы [3] сияқты ғалымдар осылай дейді. Елге үлгі түтуға лайықты жандарды дәріштеу ислам қағидаларына ешқашан қайшы келмейді, қайта бұл – дінді дұрыс түсінуден шыққан ізгі іс. Құранның «Зұха» (93) сүресінің 11 аятында «Раббыңың берген нығметін жарияла, білдір», - делінеді. Діни көзқарас бойынша, халықта тұра жол көрсетуші тұлғалар да адамзат баласына Жаратушы тарашынан берілген ең үлкен сый. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік қорық-мұражайындағы тудың лаухасында жазылған: «Мұхаммад, Әли – Алланың берген нығметі!» [4] – деген жазу осыны білдіреді. Соңдықтан пайғамбарды мақтау, дәріштеу, оның ісін үлгі етіш, тарату, оған салауат айту – Құран аяғтарынан туындастын шын мұсылмандың міндеті. Қожа Ахмет Ясауи де бірнеше хикметтін Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарды мадақтауға арнаган. Айталық, Стамбул басылымындағы «Диуани хикметтің» 20, 21, 23, 51 хикметтері тек қана пайғамбарды мақтаап-дәріштеуге арналған. Пайғамбар жолымен жүргендегер ғана халықтың сүйіктісіне айнала алады. Сол себепті халық жырларында, жоқтауларда дәріштегі тұлғалар Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар мен оның жолын қуушылардың ізбасары ретінде көрсетіледі. Бұдабай ақын шығарған Әйеке болысты жоқтауда:

Қайратың болды, көкежан,
Үрістем менен Дастандай.
Сақылығың бар еді
Баязит пен Бостандай.
Үммәтке белді байладың
Құданың шері арыстандай.
Әділдігің бар еді
Әзіреті Омар, Оспандай.
Үлгіменнен сөз айттың
Тәпсірден шыққан дастандай [5], –

деп жырланады, елге пайдалы қызмет еткен жан пайғамбар, сахаба, әулиелер ісін жалғастырупсы ретінде көрсетіледі. Жоқтаулардағы мұндай жандарды дәріштеу – пайғамбарды (с.ғ.с.) мақтаудан, оның ісін үлгі етуден бастау алатын дәстүр.

«Диуани хикметтегі» мақтаулар мен қазақ фольклорындағы жоқтаулардың арасында осындай туыстық бар. Ал қазақ фольклорындағы мақтаулар хикметтермен тек тақырыштық тұрғыда ғана емес, образдық жағынан да байланысады. Мақтау, мадақ мазмұндағы хикметтерді Ясауи шәкірттері де жалғастырды. Олар Қожа Ахмет Ясаудің пайғамбарды мақтаған ізімен өз ұстаздарын дәріппеді. Бұған Сүлеймен Бақыргани шығарған деп айтылып жүрген хикметті мысал етуге болады.

Б.Корғанбеков. Қожа Ахмет Ясауи хикметтері және қазақ...

Ысқақ баба ұрығы
Ибраһим шайхы құлныны,
Машайықтар ұлығы –
Шайхы Ахмет Иассауи [6], –

деп басталатын бұл хикметтің ізгілікті дәріштеуді, оны көпкө үлгі етуді дәстүрге айналдыруды маңызы зор болды.

Қазақ ауыз әдебиеті мен фольклорындағы мақтаулардың жоқтаумен тамырластығы айқын. Фольклортанушы Е.Тұрсынов мадақ өлеңдерін жоқтаулардан да бұрын туған деп көрсетіп, ол екеуінің шығу негізі бір екенін айтқан. Ол өлген адамды еске алуға арналған көне ырымдық әрекеттерде аруақтың көнілін көтеру мақсаты барлығына назар аудара келіп, «Осыған қарағанда, аруақтарға арнап айтылған өлеңдер жоқтау түрінде емес, мадақтау түрінде айтылған болса керек» [7], – дейді. Мақтауларда да жоқтаулардағыдай дәріштелүші тұлғаның халыққа, елге сіңірген еңбегі басты орында жырланады.

Жоқтауларда өмірдің өткіншілігі, рухтың өлмейтіндігі, әулиелердің шарапаты сияқты хикметтерде бар сошылық танымға тән түсінік түрлері өте көп кездеседі. Сошылық жолдағы жүрек тазалығы да айтылады. Мысалы, Ысмайылды жоқтаудағы:

Кешегі менің бекзатым
Бесінде мектеп оқыған.
Алтыда ақыл тоқыған,
Жетісіне келгенде,
Жетшіс жерден діл сұрап,
Құдықтай көзін шүқыған [4, 60], –

деген жолдардан жүрек тазалығымен айналысқан Ясауи жолының өкілін танимыз (фольклорлық шығармалардағы «діл» сөзі «жүрек» ұғымын береді). Жоқтауларда Қожа Ахмет Ясаудің: «Иер устида улмас бурун тирик улдим» [8], «Улмас бурун жан бермакни дардин тарттым» [8, 148], «Ғашықларни сұннати дур тирик улмак» [8, 172], – дегеніндей, «өлмей тұрыш өлу» деп айтылатын сошылық жолға тән қасиет те айқын жырланады. Осы жоқтаудағы:

Бұрынғы өткен пайғамбар –
Бәрі өлімге болды тән,
Бір кісіге жарасар
Өлімге де қылған сән [5, 63], –

деген жолдар осының дәлелі. Бұл жерде өлімнің не екенін тірі кезінде біліп, оны қуанышшен, салтанатпен қарсы алған адамның бейнесі бар. Жоқтаулардағы сабырга шақыру, өліге иман тілеу де сошылық жолдағы дәстүрлерден туынрайды.

Кеңестік идеология исламға жат етіп көрсетуге тырысқан жоқтауларда, керісінше, ислам құндылықтарының ең маңызды тұстары, сопылық ілімге тән барлық шарттар мен ұстанымдар үлгі етіледі. Мысалы, Шоқанға арналған жоқтауда Ясауи айтатын «топырақ болу», яғни елдің табанында жататын топырақ сипатты кішіпейілдік шен нәжіс төксे де, гүл өсіріп беретін топыраққа тән жомарттық қасиеті былай дәріштеледі:

Адалдан жиган теңгені,
Ақ көңіл, ашық пепде еді.
Мен ақ сүйек екем дең,
Елге айтып көрмеді [5,51].

Фарішке болысу, жетім-жесірді жебеу – Ясауи хикметтерінде көп айтылатын өнегенің бірі. Жетім, пақырларға болысу Мұхаммәд (с.ғ.с.) пайғамбардың сүйікті ісі екеніне Қожа Ахмет Ясауи айрықша назар аударады. Ол пайғамбардың бүл ісін «Фаріб, факир, иетимларни башин сылаб», «Фаріб, факир, иетимларни Расул сурди» [8,129], «Иетим, факир, ғарібға саһаватлығ Мұхаммад» [8,174], «Мұхаммад айтдилар: һар ким иетимдур, Билиңлар: ол мени хас умматимдур» [8,209], – деп дәріштейді. Өзі де: «Фақыл ирсан ғарібларни күзлин аула» [8,129], «Фаріб, факир, иетимларни қылғыл шадман» [8,131], «Иеимни курсақиз ағиртмацилар, Фарібни курсақиз дағ етмацилар» [8,209], – дейді. Аталмыш жоқтауда бүл идеяны:

Немересі ер Шыңғыс
Билікті істі қалапты.
Қызыр Ілияс жар больш,
Сұлтан болды талапты.
Фарішке Шыңғыс болысқан,
Билік айтып толысқан [5,51-52], –

деп береді. Бұл – халыққа шана болумен қатар дәріштелетін жақсылық. Әйекені жоқтаудағы:

Айналайын, көкежан,
Қараның болдың ханыңдай.
Қарайғанды ықтаттың
Қамысқа түскен жалыңдай.
Орта жүздің көркі едің,
Қоңыраулы бүйра нарыңдай.
Ағайында жинадың
Алшыс үйлі аргынды-ай!
Орынды болдың орасан
Мыңжылқының тауыңдай!
Көшке пайдадаң көп тиді
Көктемдегі жауыңдай [5,67-68], –

Б.Корғанбеков. Қожа Ахмет Ясауи хикметтері және қазақ...

деген жолдардан осыны танимыз.

Жоқтаудың соңы әрдайым дұғамен, қайтыс болған адамға иман тілеумен аяқталып отырады. «Өлі риза болмай, тірі жарымайды» деген мақал мазмұнынан аңғарылатын екі дүниенің тұтастығы туралы хал іліміне тән көзқарас – жоқтаулардың негізгі өзегі. Осы дүниетаным белгісі әулиелер шарашаты, аруақтың қолдауы жайындағы жыр жолдарында барынша ашыла түседі. Ісмайыл Арыстанбекұлына арналған жоқтаудағы:

Женіл де болсын сұрагың,
Әулие, шірлер медет қыш,
Бейшіте болсын тұрағың [5,59], –

деген сөздер өткенге деген құрметтің, тарихты қадірлеудің, белгісіндегі көрінеді. Бұл шығармаларда әр тыныста Алланы еске алудың, дүние ісінің өзін Жаратушы ризашылығы, халықтың иғілгі үшін атқарудың, сөйленген сөз бен атқарылған әрбір әрекетті құлышылыққа айналдырыш жіберудің үлгісі де бар. Мұндағы елшілдік мазмұн оны батырлық жырлармен туыстастырады. М.Әуезов қаһармандық жырлардың көбін жоқтаулардан шыққан деп дәлелдейді [9]. Жоқтауды ұлт зияттыларының көп зерттеуі, жариялауы да тегін емес. Мұнда Ясауи іліміне тән құндылықтар мол.

Қожа Ахмет Ясаудің өзі де көне жоқтаулардағы көркемдік дәстүрлерді пайдаланғандығын аңғауға болады. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарды мақтаған 51 хикметіндегі: «Бабасини атасы ирди Һашим, Ешітканда ақадур кузда иашим» [8,207], төрт шардиярдың бірі – Омарға арнаған 53 хикметіндегі: «Мискин Ахмад, қылғыл иад, қылғыл тажизицни бунияд, Шаяд рухы қылғай шад, ғадалатлиғ Ғумар дур» [8,211], – деген жолдардан және Әзіреті Әлигे арналған 55 хикметіндегі: «Рахмет қылғай Бир уа Бар, һар не қылса ерки бар, Қожа Ахмадға мадаткар шер худа Фали дур» [8,213], – деген жолдардан казақ жоқтауларында бар дәстүр ізін байқаймыз. Бұл жолдардың алғашқысынан дүниеден өткен адамға қатысты өз қайғысын білдіруді, кейінгі екеуінен жоқтау соңының жұбатуға ұластырыш, өз-өзіне басу айту мен дуга-тілек бағыштауды аңғарамыз. Бұның бәрі – казақ жоқтауларына тән сипаттар. Мұндай мәндеңі жыр жолдары тұрақты клищеге айналған [10].

Ясауи хикметтерінде тікелей жоқтаумен байланысты туған образдар да бар. Мысалы, Қазан басылымындағы 67 хикметінде «Күні-түні тынбай бір сәт жоқтау айтты» [11], – деп, өзінің халықтық жоқтау айту дәстүрін тағдырға қарсылық деп есептемегенін, оған шашына қарамағанын аңғарғады. Ол:

Аналары дал болыш қалды қайран,
Гүл жүздері запырандай сарғайған,
Уай, құлыным, ботам, деумен ах ұрган,
Жаға жыртыш, шаштарын жүлдү, көргін [11,129], –

деп те жырлайды. Бұл сурет көне замандағы жоқтау айту кезіндегі іс-әрекетті көзге елестетеді. «Боздағым» жинағын құрастырушы Т.Арынов осы жинаққа жазған «Өлгендер туралы өлмес мұралар» атты алғы сөзінде бұл туралы: «Сонау көне замандарда, бергі көне түркі кезінің өзінде (V-VIII ғ.) түркі тайпалары өлген адамға қатты қайғырыш, «өлген адамның тумалары шашын жұлып, бетін тырнаш, құлағын кесіп, өздерін қорлайтын» әдет болған. Оның мәнісі: «Өлген жақсы адамның артында қалыш, онсыз сүрген өмірде не мән бар?» – деп қараудан шыққан» [5,12], – дейді. Қожа Ахмет Ясаудің осы іс-әрекеттерді салқынқандылықпен бейнелеуі оның бұған қалыпты жағдай ретінде қараганын және көне дәстүрлерді құрметтегенін білдіреді. Жоқтаушы адамның жоқтау айту әрекетін бейнелейтін мұндай жолдар тұрақтылыққа ие болып, формулаға да айналған. Тұрмыс-салт жырларын зерттеген Б.Уахатов осындағы формулалық жолдар туралы айта келиш: «Мысалы, жоқтауда бұрынғы дәстүр бойынша айтылып келе жатқан жаттамалы жолдардың да, бір-біріне мотиві, үйқасы, сөз байлығы, бейнелі, образды суреттері ортақ формулалардың да көптеген көріністері бар. Айталық:

Қара бір шашым жаяйын,
Жаяйын да жылайын!
Кінәлі бармақ, жez тырнак,
Күнінде қанға бояйын.
Албыраған ақша бет,
Сүйегіне таяйын, –

деген сияқты жесір қалған әйелдің шашын жайып жоқтау айтуы, өз деңесінен қан шығарып, бетін жыртуы көне замандардан сақталып келе жатқан поэтикалық өрнектер» [10,133-134], – дейді. Мұндай формулалық жолдардың Қожа Ахмет Ясауге дейінгі жоқтауларда да болғандығы күмәнсіз. Демек хикметтегі жоқтау кезіндегі халді елестетегін бейнелер мен тұрақты тіркестер – сол көркемдік дәстүрді үлгі етудің көрінісі.

Осы айтылған мәселелердің бәрі Ясау хикметтерінің қазақ жоқтауларымен мазмұндық және образдық тұрғыдағы тығыз байланыстылығын танытады. Бұл ақиқат жоқтауларға қатысты кеңестік идеология қалыштастырған көзқарастың қазіргі кезде ескіргендігін ескерпіш, оны ғылыми негізде қаруудың қажеттігін күн тәртібіне қойып отыр.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аныздар. Алматы: Жазушы, 1985.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу (құраст. Р.Нұрғалиев). Алматы: Жалын, 1991, 428 б.
3. Досмұхамедұлы Х. Аламан (құрастырушылыр, алғы сөзін және түсініктемелерін жазағандар – Ф.Әннесов, А.Мектепов, Ш.Керімов). Алматы: Ана тілі, 18 б.

Б.Корғанбеков. Қожа Ахмет Ясауи хикметтері және қазақ...

4. Қожа Ахмет Йасауи кесенесі. (құрастырушылар Ә.Қ.Муминов, М.Б.Қожа, С.Моллақанагатұлы, М.Ж.Садықбеков, Ж.М.Нұрбеков). Алматы: «Эффект» ЖШС, 2010, 142 б.
5. Боздагым (қазактың жоқтау жырлары). Құраст. Т.Арынов. Алматы: Жазушы, 1990, 69 б.
6. Иассауи Қожа Ахмет. Хикметтер. (Аударған және түсініктерін жазған Ә.Жәмішұлы). Алматы: Өнер, 1995, 144 б.
7. Тұрсынов Е. Тарихи жыр, өлеңдердің тегі мен дамуы // Қазақ тарихи жырларының мәселелері (жауапты ред. Р.Бердібаев). Алматы: Фылым, 1979, 44 б.
8. Иасауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет (Данаңық кітабы). Жинақты баспаға әзірлеп, қазақшага аударғандар: М.Жармұхамедұлы, С.Дәүітұлы, М.Шағиғи. Алматы: «Мұрраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы, 1993, 170 б.
9. Өуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Макалалар, зерттеулер. 17 т. Алматы: Жазушы, 1985, 171 б.
10. Уахатов Б. Қазактың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. Алматы: Фылым, 1983, 134 б.
11. Иассауи Қожа Ахмет. Хикметтер (жапы ред.басқарған және алғы сөзді жазған М.Қ.Әбусейітова: қазақшалаған Ә.М.Ибатов, З.Жандарбек, А.Ш.Нұрманова; түсініктемесі З.Жандарбектікі). Алматы: Дайк-Пресс, 2000, 83 б.

REZUME

B.KORGANBEKOV (Shimkent)
HOJA AHMED YASAWI HIKMETS AND GENRE OF MOURNING IN KAZAKH
FOLKLORE

The article deals with the informative and vivid connections of Hoja Ahmed Yasawi hikmets and genre of mourning in Kazakh folklore.

Б.С. ӘБЖЕТ
Б.Ж. ҚҰЛДАЕВА

«БӘЙТЕРЕК – ӨМІР АҒАШЫ» МИФОЛОГИЯЛЫҚ ТУСІНІГІ

В статье говорится о священности монумента Байтерек в г.Астане в понятии народа.

Bu makalede, Astana şehrinde inşa edilen Bayterek Anıtı'nın halkın anlayışındaki önemi ve kutsallığından söz edilmiştir.

Тәуелсіз Қазақстанның бас қаласы – Астанада бой көтерген алып Байтерек қазақ ұғымның көрінісі, дәстүрлі ұғым жиынтығының символикасына айналды деге болады. Байтерек кешенінің қазақ үшін маңыздылығын академик С.Қасқабасов былайша тебіреніп жеткізеді: «Астана Байтерегі – мифологияда суреттелеғін Космостың моделі, ол бүкіл әлемді символдан тұр: аспанға бой түзеп, жер шарын көтеріп, ежелгі мифологияны негізге ала отырып, бүгінгі Қазақстанды әлемге көрсетіп тұр. Астана – Байтерегі қара орман қалың қазақтың бейнесі, оның жарқын болашаққа, ізгілікті әлемге ұмтылысы. Астана Байтерегі – қазақ елінің тірері мен қорғаны, ал оның кепілі – Елбасы. Міне, ата-бабамыздың ежелгі мифологиясынан бізге жеткен Байтерек – баянды тірекке, жылуы мол панаға айналған. Бүкіл космостың, байтақ Қазақстанның символы – Байтерегіміз мызғымасын» [1, 100].

Байтерек тек өзінің көркем, көз тартар сұлупығымен ғана емес, ұлттық нақышымен де маңызы аса зор. Ел мақтанышы деген атақта лайықты жан-жақты маңызды мәнге ие ғимарат ретінде әлемде қазақы нышанымен де дараланып тұрады.

Мысалы, Париж десек, көз алдымызға Эйфель мұнарасы елестейді. Москванды Кремльсіз елестету мүмкін емес. Египетте перғауын кезеңінен қалған ескерткіш пирамidalар сол елдің мақтанышына айналған. Сәтімен шыққан осындағы ғимараттар кейде бір елдің болмысы мен тарихын өзге елдерге танытып тұрады. Ұақыт ете келе бұл ғимараттар сол елдің баға жетпес ескерткішіне айналып кетеді. Бұл ғимараттар сол елдердің атагын шығару арқылы өзге елдердің туристерін өзіне қарай тартып тұрады.

Біздің елімізде де Астана десе алдымен Байтерек көз алдыңа елестейді. Осы байтерек туралы қазақ халқының ұғымында және ертегілері мен мифтерінде жиі ұшырасатын болғандықтан және қазақ халқының ең киелі де қасиетті наным-сенімдері қатарынан орын алып келеді. Ғимараттың жалпы ұзындығы 105 метр болуы оның жүзделеген жылдар бойы жайқалып өсетін киелі ағаштың ғұмырынан хабар берсе, Елбасымыздың қолының ізі қойылған, Самұрықтың жұмыртқасы ретінде салынған саяхатшылар тамашалайтын орынның биіктігі 97 метр. Бұл 1997 жылы Астана қаласының елорда болғандығын белгі ретінде таңдалған санды білдіреді.

Б.С.Әбжет, Б.Ж.Құлжаева. «Бәйтерек – өмір ағашы»...

Жалпы қазақта тоғыз саны да, жеті саны да қасиетті сандар қатарынан орын алады. Бәйтерек ғимараты осылайша өзінің көптеген қасиеттерімен дараланып тұрады

Қазақ халқы ежелден-ақ жапанда жалғыз өсіп тұрған ағашты киелі санаған. Ондай ағашты «әулие ағаш» деп қастерлең, ырым етіп басына түнеген. Одан тілек тілеп, саясында отырып дұға оқыған, белгі ретінде шүберек байлап кету әлі күнге дейін халық сенімінен берік орын алғандығын көреміз. Басқа халықтарда адам қайтыс болған соң қабірінің басына гүл аппаратын болса, қазақтар қайтыс болған адамның қабірінің басына ағаш отырғызатын болған. Оның мағынасы адам жаны жұмаққа барады, жұмақты жайқалған ағаш ретінде елестететін болған. Оның үстіне біреуге тілек тілеп, бата берсе де «Үрім-бұтағың жайқалып өссін, бәйтерегің құламасын» деуінің сыры да қазақта бәйтерек ұғымы берік орнықандығын көрсетеді. Мұндай ырымдар ислам дінін қабылдамастан бұрын, шамандық нанымды ұстанған кезден бастап халықтың салтына сіңген болуы керек. Ертеде ел басқарған абыздар қолына аса таяқ ұстап жүреді еken. Онысы құдайдың жердегі көлеңкесі, ерекше қасиеті бар, халықтың болашағын болжап, дұрыс жолға бағыттайтын әулие деген ұғымға сайды.

Шамандық наным бойынша өсіп тұрған алып ағаш адамзат баласының жарылқаушысы, үш қабаттан тұратын дүниені жалғастыруышы дәнекер ретінде бейнеленген. Адам баласына жан бітіруші, қысылғанда демеуші рухтардың мекені деген де ұғым берік орын алған. Мысалы, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырында Шоқтеректің түбінде қайтыс болған Қозыны Баян келіп үш күнге тірілтіп алатыны бар. Бұл да шамандық ұғымды меңзейді. Ол тұрасында қазактың көрнекті ғалымы, профессор Ә.Қоңыратбаев «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының түркі халықтарындағы нұсқаларын салыстырып зерттеген еңбегінде мынадай дерек келтіреді: «Қазақтың ертедегі нанымының бірі анимизм (табигатты жаңдандыру) десек, мұның көрінісі тек Қозы мен Баян бейтіне шыққан кос шынар (терек), олардың ортасына біткен ақ тікен, өткелсіз орман, тау, дария стихиясы түрінде ғана кездеседі» [2, 112].

Жырда Қодар Қозыны Шоқтеректің түбінде өлтіреді. Жырдың кейбір нұсқаларында өліп жатқан Қозыны Баянның тілегін берген Қыдыр оны үш күнге тірілтеді. Осылайша екі ғашық бір-бірімен қайта табысады. Жырдың осы финалдық түсініде Шоқтеректің бейнеленуі тегін емес. Ағаштың басына қарай, яғни көкке кеткен жаны ғашығының тілегінен соң қайта денесіне қонады. Оған ата-баба әруагы көмекке келеді. Шамандық түсінік бойынша әлем үш қабаттан тұрады. Жоғарғы әлемде құдайлар, таза рухтар, адамды жебеуші киелі қорғаушы әруақтар, самұрық құс өмір сүреді деп түсінген. Қыншылыққа, бақытсыздыққа тап болған кезде, адамға осы жебеуші рухтар мен періштeler көмекке келеді деген түсінік болған. Белгілі фольклортанушы ғалым, профессор Ш.Ыбыраев көне мифтік жебеушілердің қаһармандық эпостардағы көрінісі туралы былай деп жазады: «Батырлық ертегідегі

қаһармандық тенденция кейіпкердің құбыжықтармен, жауыз құштермен соғысын рулық қақтығыстармен алмастыруға бет бұрган. Генеологиялық шарт бойынша қаһармандық балалық шақты, ғажайып үйленуді көңірек баяндау себепті сюжет қайта тулеу негізінен ескі арнамен, жекелеген мотивтерді алмастыру жолымен жүріп отырган деп жорамалдауымызға болады. Себебі, кейіпкердің өмір жолы түрліше көмкөрілгенімен, жалпы нобайы сақталады.

Ертең мен көне эпоста мәдени қаһарманның байырғы қызметі қалдық (реликт) түрінде ұшырасады. Ол жүретін үш әлем «қазақ фольклорында көбінесе жер үсті мен жер асты), осы әлемді байланыстыруши альп бәйтерек (ғылымдағы атауы «әлемдік» немесе «космостық ағаш»), ғажайып затты қолға түсіру, Асан қайғының Жеруйықты іздеуі, Қорқыттың тұңғыш қобыз жасауы, Толағайдың тауды арқалап әкелуі, т.б. бәрі де осыған меңзейді»[3, 228-229].

Демек қазақтың батырлық жырларында үш әлемді байланыстырып тұратын алып бәйтеректің өзгерген түрі көмескі болса да ұшырайтындығын көреміз. Ал әлемнің жаратылсы туралы айтылатын көне мифтерде бәйтерек ағашы анағұрлым жақсы сақталған. Шамандық нағымға құрылған байырғы түркі халықтарының миғінде әлемнің неден жаратылғандығы, оны жаратушы тәңірі жасағанның аспан мен жерді жаратқан кезде олар бір-біріне құлап кетпеу үшін ортасына бәйтерек орнатқандығы айтылады. Бәйтерек аспан әлемі мен жер бетін және жер асты дүниесін бірімен-бірін байланыстырып тұрады. Бәйтеректің басында Самұрық құс өмір сүреді екен. Сол секілді казақ халқында сақталған бірнеше мифтер бар. Соның бірі былайша басталады: «Сонау-сонау соңы меніреу заманда, аргы-арғы, аңғырт тұйық аланда: ерте-ерте, ертеден де ерте, астан-кестен аунаған лай теңіз ішінде, жұмыртқадай жұмыр малта тас жұзіп келе жатты. Жалғыз Жаратушы жасаған бұл тасқа ынта-мейіріммен таңырқай қаралты. Қолына алып байқаса, он беті оттай қызыл, астар беті судай мәлдір, таңғажайып тамаша тас екен. Жасаған өзінің шебер қолымен бұл тамаша тасты қоспасынан қақ жарыпты. «Қарш» етіп айырылған жұмыртқадай жұмыр тастың қақ жартысы отқа, қақ жартысы суға айналыпты да, от пен су қайта қосылып қайнап, одан көтерілген будан – көк аспан, қайнап, тандыр болған қабыршағынан қара жер жаралыпты. Ең алғашында жер де, көк те тым кішкене – әуе айнадай, жер тебінгідей ғана болған екен. Жер мен көк бірте-бірте өсіп үлкейе беріпті. Өскен сайын көк аспан кеңейіп, көтеріле беріпті де, қара жер қатайып қалындал, салмағы ауырлап, төмендей беріпті. Мұны көрген жасаған қара жерді киелі көк өгізге көтертіпті. Алайда қара жер өгіздің үстіне орнықпай, ауып қала беріпті. Жасаған оны орнықтыру үшін жалпақ жердің әр өңіріне ұлылы-кіші тауларды түрғызып, салмағын теңгеріп, ауып-талмайтын етіп, тиянақтырган екен.

Жер мен көк жаралғаннан кейін де қара тунек айыға қоймаган... Жасаған... екі асыл перзенті – Күн (ұл) мен Ай (ару) сынды екі жарықты

Б.С.Әбжет, Б.Ж.Құлжаева. «Бәйтерек – өмір ағашы»...

тұғызыпты... Алайда алғаш айыққан аспан әлі де аласа еді, қара жер тыр жалаңаш тақыр қалпында қаңырап жатқан-ды... Жасаған көк еңсесін көтеріп, қаңыраған жерге тірлік көркін енгізу үшін, ең алдымен, жер бетіне жалғыз ағаш – киелі теректі жаратыпты. Бұл ағаш әуелеп өсіп, көк күмбезінің туңлігін көтеріпти» [4, 86-87].

Демек адам жааралмас бұрын Жасаған жер бетінде алдымен ағашты жаратады. Ол ағаш жайқалып төбесі көкке барып тіреліп, аспанмен жалғасып түрады, әрі аспан жерге құламасын деп тіреуіш қызметін қоса атқарады. Ол ағаштың адам өміріне тікелей қатысы деп есептеген. Жаралған әлемді де, адам өмірін де осы бәйтерекпен байланысты қарастыратын болған. Тек қана қазақтар емес, сонымен қатар түркі халықтарының ұғымында адам өмірі осы бәйтеректің жапырағына байланысты деп сенген. Жапырағы ұзілген жағдайда біреудің өмірі қоса ұзілді деген. Түркі халықтарының көне мифтік түсінігінде адам тағдыры жаратушының жасаған алып бәйтерегінде жазылған деген де ұғым болғандығын байқаймыз. Адам баласы шыр етіп дүниеге келгенде алып бәйтеректің жапырағына оның тағдыры жазылып қойылады еken. Адам қайтыс болғанда әлгі жасыл жапырақ сарғайып, сабағынан ұзіліп түсетін көрінеді. Қазақтың антропологиялық мифінде мынадай ұғым болғандығы келтіріледі: «Жапырағына жан орналасқан осынау киелі терек туралы миф түрік халықтарына кең тараған. Қазақта басқаша бір нұсқасы тағы бар. Онда: «Жер мен көктің кіндігінде жападан жалғыз өскен киелі бәйтерек бар. Бұл теректің басы аспанмен, тұп тамыры жер астымен жалғасқан. Ол – көзге көрінбейтін киелі ағаш. Бұл бәйтерекке жайқалып өскен әрбір жапырақ жер жүзінде жасаған әрбір адамның өмір тіршілігінің нышаны, жер жүзінде тіршілік етіп отырган әрбір адам киелі теректің жапырағы жарылғанда өмірге келеді; жапырағы мезгілсіз сарғайса, қайғықасіретке тап болады, жапырағы солса, қартаяды, жапырағы ұзіліп, жерге түссе, қазаға ұшырайды», - дейді» [5, 83].

Жалпы ағашты кие тұту өртеден бар дүние. Адам өмірін ағашқа ұқсату, ағаштан пана іздеу қазақтың ақындары мен жырауларының шығармаларында да ұшырасып отырады. Неше түрлі адам бойын балқытатын әуен шығаратын асбаптың өзі ағаштан жасалатын болғандықтан ақындарымыз қоюндағы қобыз бен домбырасын ерекше қастерлеген. Оны атақты ақын Қашағанның Есқали сопыға айтқан сөздерінен де байқаймыз. Бірде ақын жолаушылап келе жатып бір ауылға түскенде үй иесі сараңдығымен атағы шыққан Есқали дейтін сопы болып шығады. Қонақтың келгенін жақтырмаган үй иесі онымен дұрыстап амандаспайды. Ақынның домбырасын қызықтаған баласын шегін тартып көргенде Есқали сопы «Шайтанның ку ағашын неге ұстайсын?», - деп баласына зекіді. Сопының сараңдығы мен надандығына шамданған ақын сопыға оның ақымақтығы мен пасықтығын бетіне басып жер қылады. Осы өлеңінде ақын ағаштың қасиеттерін сипаттап толғай жөнеледі:

Қолымдағы құ ағаш,
Сайрап отыр бұл ағаш.
Асылы емен, қарагай,
Шықкан жері су ағаш.
Аруақты ерлердің
Қолындағы ту ағаш.
Жаның сая табатын,
Орман болған бұл ағаш.
Қорыққанда жалғызға
Қорған болған бұл ағаш.
Бұтақтары бүтіліп,
Көктен төмен үңіліп,
Қарның ашып келгенде,
Жүргінді жалғауға,
Нәсіп болған бұл ағаш.
Пайғамбарлар тұганда,
Бесік болған бұл ағаш.
Ибраһим Қағба салғанда,
Есік болған бұл ағаш.
Мұнаралы әр жерде,
Мешіт болған бұл ағаш.
Шеберлердің қолында,
Кәсіп болған бұл ағаш.
Өзінді халық сұпы дейді,
Боқтағаның қай ағаш? [6, 95-96].

Ақын ерекше қасиеттерін көрсетіп өткен ағаштың сипаттарына қарап, халық ұғымындағы ағашқа деген ерекше күрметін аңғарғандай боламыз. Ақын сол халық ұғымындағы киелі құндылықтарды өлеңге қосып, жаңғырып айтып беріп отырғандығын көреміз.

Ерте дәүірде бақсылар қолындағы қобызы мен домбырасын аруақтар дүниесімен жалғастыруши тылсым күш ретінде қарастыратын болған. Ол тек қазақ халқында емес, дүниежүзінің көптеген халықтарында болған. О дүниедегі аруақтарды шақыру жолында бақсылық сарынды айтқан кезінде қолына ұстап отырган аспабының әуеніне елтіп отыратын болған екен. Ол жайында профессор Е.Тұрсынов былай дейді: «Аталған халықтардың барлығы да ертегі айтқанда, сөзін созып, ыргактатып айтатын, музыка аспабымен сүйемелдейтін. Күй тартып, ертегі айту үшін арнаулы кісіні шақырып, осы еңбегі үшін олжага түскен аңың белгілі бөлшегін беретін. Осындағы кісілері жоқ болған күнде аңшылардың өздері бірінен соң бірі ән салып, күй тартып, ертегілерді айтысадын. Мысалы бурят аңшылары орман иесі Ханғай ертегі айтып, күй тартып бермеген аңшыларды олжасыз қалдырады деп сенген. Нанайлар ертекшілерді өте құрметтеген. Мордвалар

Б.С.Әбжет, Б.Ж.Құлжаева. «Бәйтерек – өмір ағашы»...

орман құдайы Виряваны ертегілерді тындауға өте құмар деп есептеген. Д.Зелиннің мақаласында осы ырымдардың Азия, Африка, Америка, славянның көптеген халықтарында болғандығы айтылады.

Осыған қарап, орта ғасырдағы монголдардың, қыпшақтардың, қазактардың соғыс, шабуыл алдында күй тартып, елең-жыр айтатын әдеттері осы нанымдармен байланысты екенін аңғаруға болады.

Монгілер тайпасының айтуы бойынша, жын, иелер сырнайда тартқан күйлерді өте ұнатады. Сондықтан ырыми рәсімдерді бастар бүрын сырнай тартып, даңғыра қагатын, сойтіп жын, иелерді оятып, ырыми рәсім өткізілетін жерге жинастын. Ежелгі хорезмдіктер «от отауларында» от иесіне табыну ырымдарын жасағанда, күйшілер күй тартып, әншілер ән салып, ертекшілер ертегі айтатын.

Осы ырымдардың негізінде жын, иелер, ән-күйді, ертегілерді құмартыңда, риза болғандықтарын білдіріп, аңшыларға аң жібереді, егіннің бітік өсуіне мүмкіндік жасайды, аурудың бетін қайтарады. Адамдардың өзге де өтініштерін орындағы деген наным жатыр. Бұл наным бара-бара өрбі келе, ән-күй, әңгімешілік, ақындық, бақсылық құдіретін адам баласына жындар, иелер, аруақтар дарытады деген нанымға ұласты.

и цари Кабула из династии Шахи – вплоть до арабского завоевания возводили свои родословные к кушанам» [23, 279]. В свою очередь, Л.Ю. Тугушева также делает предположение, что во время Тюркского каганата авторитет Кушанских правителей не был еще потерян и правители Западной части Каганата считали себя их приемниками [24, 155]. Как было упомянуто выше, в некоторых письменных источниках, в частности у Беруни, имеется указание на родственные связи тюркских Тегиншахов Кабула с кушанами. Однако, пакистанский исследователь А. Дани пишет, что в данном случае Беруни ошибся, правители Кабула происходили не из тюрок, а из Кушан [20, 71]. Так, по его утверждению, династия «Тюркшахов» в действительности была из Кушан [20, 72], что видно из надписи правителей Забулистана, относящейся к 862 году, в которой они называют себя *Kojaaputra* («потомки Кушанов»)⁶.

В других же источниках имеются явные свидетельства о происхождении династии Кабулских Тегиншахов из правящего рода Тюркского каганата – Ашина [25, 449-453]. Итак, как можно объяснить то, что Тегиншахи связывали себя с Кушанами? На наш взгляд, это объясняется следующим: 1) как мы упоминали выше, славная память о власти Кушан в этом регионе требовала от пришедших на их место династий связывать свое происхождение с Кушанами, что являлось одним из условий легитимности их власти; 2) возможно из-за того, что Кушаны также были тюркской династией, Тегиншахи показывали себя в качестве их потомков; 3) как было отмечено выше наличие в индийской письменной традиции термина *Turuška*, который употреблялся по отношению как кушан [26, 10, 34], так и тюрок [27, 112; 28, 59, 219; 29, 25]. Возможно, что под этим термином, как отметил в свое время Й. Маркварт, скрывается этоним *турк* или *турук*, так как слово *Turuška* содержит древнеиндийский суффикс *-ушка* или *-шка*. Исходя из того, что имя одного Кушанских царей *Канишки*, содержащее этот суффикс Беруни приводит в форме *Каник*, слово *Turuška* он считает возможным восстановить как пракритскую форму **Turukha*=*Türk*, т.е. *турк* [30, 239-240]. Как известно, в некоторых письменных памятниках VIII – IX вв на индийских языках из Восточного Туркестана, тюрок также упоминается под этим термином. Как отмечают некоторые исследователи именем *Turuška* индийцы называли вместе с кушанами и тюрками, также и Себук Тегина, отца Махмуда Газневи, основателя одного из мусульманских тюркских государств [8, 341]. Обращает особо на себя внимание также такой факт, что слово *Turuška* в тибетских источниках, относящихся к IX веку употребляется в основном по отношению к Карлукам, живших на северо-западе Тибета, также к некоторым другим тюркским племена [31, 191-193]; 4) Каганат как и Кушанская держава, включал в себя южные регионы Средней Азии и

⁶ Противоположное мнение см. Давыдов 2001: 16

Г. Бабаяров, А. Кубатин. К вопросу взаимосвязей между...

Северную Индию и господствовал в ряде областей, где было сильно влияние индийской (буддийской) культуры. Не исключено, что под влиянием индийской культуры они отразили в своих монетах мотивы, характерные для нее и возможно поэтому имеются сходства между иконографией на монетах Кушан и Каганата [32, 22-26]. Вместе с этим, здесь уместно отметить, что и в Чаче, являющемся одним из главных регионов чекана собственных монет Западно-Тюркского каганата, имеется ряд древнетюркских монет этого периода, на которых прослеживается индийское влияние.

Итак, можно привести следующие факты, свидетельствующие о наличии определенных этнических связей между этносом основателей Кушанского государства и древними тюрками: 1) *письменные данные источников* (индийск., армян., араб.-перс.), 2) *название* (этноним; *Турушка* – «турк», *Kojanorutra* – «потомки кушанов»), 3) *антропологический тип* (монголоидные или смешанные признаки), 4) *титулатура* (ябгу, кара и др.), 5) *ономастика* (Куджула, Токто, Герай), 6) *тамговые знаки* (𐰴, 𐰵, 𐰶 - 𐱅, 𐰿, ߏ), 7) *монетные особенности* (сюжеты, символы), 8) *прадорога* (или Юго-Западный Алтай – Турфандский оазис), 9) *письменность?* (руношодобная с преобладанием геометрических форм), 10) *сходство в пантеоне - женское божество* (Омо – Умай). Однако, несмотря на это, следует сказать, что упомянутые факты не дают основания делать окончательные выводы и вопрос о наличии связей между кушанами и древними тюрками должен стать темой особого исследования, которое нужно будет вести в русле перечисленных выше пунктов.

ЛИТЕРАТУРА

1. Togan A.Z. Umumi Türk tarihine giriş. 1. cilt. En eski devirlerden 16. asra kadar, 3. baski. İstanbul, 1981.
2. Ходжаев А. О трансформации «юечжи» из топонима в этноним // О'zbekiston tarixi. № 3. 2005.
3. Ртвеладзе Э. История и нумизматика Чача (вторая половина III - середина VIII в. н.э.). Т., 2006.
4. <http://www.zeno.ru> – Pre-Islamic Central Asia – Kushans # 41660; #43679; #61794.
5. Ртвеладзе Э.В. Древние и раннесредневековые монеты историко-культурных областей Узбекистана. Том 1, Т., 2002.
6. Бабаяров Г. Древнетюркские монеты Чачского оазиса (VI – VIII вв). Т., 2007.
7. Göbl R. Dokumente zur Geschichte der Iranischen Hunnen in Baktrien und Indien. Band I, Wiesbaden, 1967.
8. Esin E. Kün-Ay (Ay Yıldız Motifinin proto-Türk Devrinden Karahanlılara Kadar İkonografisi) // VII. TTK Bildirileri. Cilt I. Ankara, 1972.
9. Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. Алматы, 2002.
10. Бабаяров, Кубатин, 2005.
11. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Лексика. Изд-е втор. доп. М., 2001.
12. Moravcsik G. Byzantinoturcica. II, Berlin, 1958.
13. Sarianidi V.I. Bactrian Gold. Aurora Art Publishers. Leningrad, 1985.
14. Абдуллаев К. Живопись крепости Тавка. К связи этнической ситуации Северного Токаристана (по данным настенных росписей) // Цивилизации и культуры Центральной

ТУРКОЛОГИЯ, № 4, 2011

- Азии в единстве и многообразии. Материалы международной конференции Самарканд 7-8 сентября 2009 г. Самарканд – Ташкент, 2010.
15. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Пратюркский язык-основа. Картина мира пратюркского этноса по данным языка. Москва, 2006.
 16. Stein A. Kalhanas Rajatarangini. A chronicle of the Kings of Kasmir. Vol. 2. Westminister, 1990.
 17. Tezcan M. Kuşanların Mensei // TÜRKLER, Cilt I. Ankara, 2002.
 18. Беруни, Абу Райхан. Избранные произведения, II. Перевод А.Б. Халидова и Ю.Н. Завадовского, отв. Редактор В.И. Беляев. Т., 1963.
 19. Беруни, Абу Райхан. Собрание сведений для познания драгоценностей (Минералогия). Перевод А.М. Беленицкого. Т., 1963.
 20. Dani A. Peshawar: Historic city of the frontier. Lahor, 1995.
 21. Тер-Мкртичян Л.Х. Армянские источники о Средней Азии V – VII вв. М., 1979.
 22. Наршахи Мухаммад. История Бухары. Перевед с персидского Н.Лыкошин. Т., 1897.
 23. Фрай Р. Наследие Ирана. Издание второе, исправленное и дополненное. М., 2002.
 24. Tugüseva L.Yu. Türkler ve Toharlar arasındaki münasebetler // TÜRKLER, 2. cilt. Ankara.
 25. Кляшторный С.Г. Памятники древнетюркской письменности и этнокультурная история Центральной Азии. М., 2006
 26. Вайнберг Б.И. Монеты древнего Хорезма. М., 1977.
 27. Markwart J. Wehrten und Arang. Untersuchungen zur mythischen und geschichtlichen Landeskunde von Ostiran. Leiden, 1938.
 28. Thakur U. The Hunas in India. Varanasi, 1967.
 29. Konukçu E. Hindistan'daki Türkler // Hindistan Türk Tarihi Araştırmaları - The Journal of Indo-Turcica. Sayı I. Ankara, 2001
 30. Marquart J. Erānshahr, nach der Geographie des Ps. Moses Xorenac'i. Berlin, 1901.
 31. Hoffmann H. Die Qarluq in der tibetischen Literatur // Oriens, Vol. 3, No. 2. (Oct. 31, 1950).
 32. Babayarov G. The influence of the Ancient Indian traditions in the early Turkic coins of Chach / Tashkent region (VI–VIII AD) // International Seminar and Exhibition. Cities, Roads and Caravan Sarais An Emblem of Linkages Through the Age (India, West and Central Asia), 8th – 12th January, 2008.
 33. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы евразийских степей. Древность и средневековье. 2-е изд., испр. и доп. СПб. 2004.
 34. Смирнова О.И. Заметки о среднеазиатской титулатуре // ЭВ, вып 14. М.–Л., 1961.
 35. Древнетюркский словарь. Л., 1969.
 36. Clauson G. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth-Century Turkish, Oxford, 1972.
 37. Donuk A. Eski türk devletlerinde idari-askeri unvan ve terimler. İstanbul, 1988.
 38. Clauson G. Turk, Mongol, Tungus//Asia Major, vol. VIII. London, 1960/1961.
 39. Harmatta J. Languages in the Kushan Empire // HCCA, Vol. II. The development of sedentary and nomadic civilizations: 700 B. C. to A. D. 250. UNESCO publishing. Paris, 1994.
 40. Harmatta J. La Medaille de Jeb Şahanşah//Studia Iranica, Tome II, Leiden, 1982, pp. 167-180.
 41. Harmatta J., Litvinsky B.A. Tokharistan and Gandhara under Western Turk rule (650-750).
 42. Давыдов А.Д. Топонимика Афганистана как исторический источник // Восток, № 2. М., 2001.
 43. Смирнова О.И. Очерки из истории Согда, М., 1970.
 44. Part I. History of the regions // HCCA, vol. 3. Paris, 1996.

REZUME

G.BABAYAROV, A. KUBATIN (Tashkent)

ABOUT INTERCONNECTIONS BETWEEN KUSHANS AND ANCIENT TURKS

(on the basis of numismatic materials)

The article deals with the interconnections between West Turkic khaganate and Kushans on the basis of numismatic materials.

Г. Бабаяров, А. Кубатин. К вопросу взаимосвязей между...

Монеты Кушанской империи



1.1



1.2



1.3



1.4

Монеты Западно-Тюркского каганата



2.1



2.2



2.3



2.4



2.5

Таблица I.

Кушаны



I. 1



I. 2



I. 3



I. 4



I. 5



I. 6



I. 7



I. 8

Древние тюрки



II. 1



II. 2



II. 3




II. 4



II. 5



II. 6



II. 7



II. 8

Таблица II. Изображение кушан и древних тюрок в искусстве

М.М. БАХТЫБАЕВ

**В.А. КАЛЛАУРДЫҢ ӘУЛИЕАТА УЕЗІНІҢ ТАРИХИ-
ТОПОГРАФИЯСЫН ЗЕРТТЕУТЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**

*В данной статье рассматривается вклад
В.А. Каллаура в изучение древних памятников и
историко-топографических исследований
Аулиеатинского уезда.*

*Bu makalede, V.A.Kallaur'ın Auliyé-Ata
Vilayetinin tarihî topografyasını araşturma
çalışmalarına sağladığı katkı ve öncemi үzünlük
olarak değerlendirilmştir.*

Археология әүесқойлары Түркістан үйірмесі мүшелері Оңтүстік Қазақстанда жүргізген зерттеулерінің бағыттарының бірі ашқан ескерткіштерді (қалалар мен елді мекендерді) ортағасырлық жазба деректерінде аталған қалалармен баламалау болып табылды. Соның ішінде, Әулиеата уезінің тарихи топографиясын зерттеуге В.А.Каллаурдың сүбелі үлес қосқаны да белгілі. Ол 1894 жылы жарық көрген Н.Ф.Петровскийдің «Древние арабские дорожники по Средне-Азиатским местностям, входящим в настоящее время в состав русских владений» атты еңбегімен танысып [1], ортағасырлық жазба деректерінде аталатын, Әулиеата уезінде орналасқан «көне орындарды» іздестіріп зерттеуді мақсат етті [2, 3].

В.А.Каллаурдан бұрын Әулиеата уезінің тарихи топографиясына қатысты материалдарды В.В. Бартольд «О христианстве в Туркестане в домонгольский период» атты еңбегінде жариялады, онда Ибн Хордадбех пен Кудама ибн Җа'фардың еңбектерінен Тараздың шығысында орналасқан қалалардың атаулары жайлы деректерді және «Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893-1894 гг.» атты еңбегінде - Ибн Хордадбех, Кудама ибн Җа'фар мен әл Мақдиси және т.б. ортағасырлық авторлардың еңбектеріндегі көне керуен жолдары бойында орналасқан қалалар жайлы аудармаларын көлтірді.

В.В.Бартольд 1893 жылы Шымкент пен Әулиеата аралығында, Сайрам мекенінің жаңында орналасқан Илан-бозғанды, Ақсу өзені бойында орналасқан Кабал (Қобал) бұлақты, Арыс өзенінің сол жағында орналасқан Тұлқібас тебелерін және Мынбұлақ пен Бурный (Б.Момышұлы) ауылынан 3 км солтүстік-батыста, Теріс өзені бойындағы уш шағын қалашықты сипаттап жазды. Ибн Хордадбех, Кудама ибн Җа'фар және әл Мақдиси еңбектерінде кездесетін, Исфиджаб пен Тараз аралығында орналасқан Шараб, Будахкет, Тамтадж, Абарджадж, Джувикат тұрақтарының ара қашықтықтарын салыстыра қарастырып, Қобал бұлақтың Ибн Хордадбехтің Шарабына, ал Тұлқібас - Тамтаджға сәйкес келетіндігін алға тартты [3, 26-29].

В.А.Каллаур Әулиеата уезінде атқарған ізденіс жұмыстары барысында ескі керуен жолдарды және олардың бойында орналасқан қалаларды зерттеді. Сонымен қатар, ол жергілікті тұрғындардан ескі жолдар жайлы жинап

ТУРКОЛОГИЯ, № 4, 2011

алынған мәліметтерді саралай отырып, оларды Н.Ф.Петровский мен В.В.Бартольдтің еңбектерінде көлтірілген ортағасырлық авторлардың деректерімен салыстырыды.

В.А.Каллаур көне Мерке мен Аспара қалаларының орындары анықталғанын атап, олар өздері аттас өзендердің бойында, қазіргі Мерке мен Шалдовар ауылдары маңында орналасқандығын жазды. Ал, көне Құлан қаласын (қытайша - Цзю-лань, В.Томашек бойынша - Куляб) - Тарты (Луговой) пошта станциясымен баламалады [2, 1].

В.А.Каллаур Ибн Хордадбех пен Кудама ибн Джабардың еңбектерінде Тараздан Шығыс Түркістанга баар көне жолдың бойында Төменгі Нушджан, Қасрибас, Қулшуб, Джулшуб және Құлан орналасқандығы туралы сипаттамасын және осы өңірде орналасқан ескерткіштер жайлыш жинақтаған мәліметтерін сараптай отырып, келесі тұжырымға келді:

- Төменгі Нушджан (Төменгі Барысхан). Тараздан (Таластан) Төменгі Нушджанға 3 фарсах, ол 20 верстке тең келеді. Өулиеатадан Мерке мен Ақыртасқа баар қазіргі керуен жолдың шығыс жағында (жол Өулиеатадан 9 верст жерден пошта жолынан онға бұрылып, Жетітөбеден 11 верст жерден өткен), Ұшбұлақ пошта станциясының қарама-қарсы жерде, ортаңғы бұлақтың жоғарғы ағысында Үлкен қара төрткүл құландысы орналасқан. Оның жағында екі шағын төрткүл мен обалар орналасқан. Жоғарыда аталған Үлкен қара төрткүлді, Талас өзенінен ара қашықтығына қарай Төменгі Барысхан қаласы деп санауға болатынын атап өтті.

- Қасрабас (Қасрибас). Төменгі Нушджаннан Қасрабасқа дейін 2 фарсах (14 верстке жуық). Ақыртасқа құландылары Төменгі Нушджаннан жоғарыда аталған ара қашықтықта орналасқан, сол себептен оны Қасрабас деп болжамдауга болады. Ақыртас Ақшолақ станциясына қарама-қарсы, Александровск жотасы мен пошта жолының 8 верст аралығында орналасқан.

- Қулшуб (Көлшөп). Қасрабастан Қулшубқа дейін 4 фарсах (26 верстке жуық). Ақыртастан басталатын жол Сонқайты (Сұмқайты) өзені арқылы Құмарық (Подгорное) станциясына баар жол Ақыртөбе станциясының жағында пошта жолын қиып өтіп, оның солтүстігінен әрі қарай бағытталған. Ақыртастан Ақыртөбе станциясына дейін 18 верст. Ал, осы жерден Сұмқайты төрткүліне дейін ара қашықтық 10 верст келеді. Бұл төрткүлдің аумағы 300 қадамнан асады [2, 4-5].

В.А.Каллаур Сұмқайты төрткүлін Қулшубпен (Кеулшөппен) баламалады. Оның себебін, ол осы жерде кеүілшөп атты шөптің көнтеп өссетіндігін алға тартып, «Қулшуб» «Кеулшөп» атауымен байланысты деп пайымдады [2, 6].

- Джулшуб (Жолшөп). Қулшубтен Джулшубке дейін 4 фарсах (26 верст). Сұмқайты төрткүлінен Құмарыққа дейін 20 верст. Бұл жазба деректерінде көрсетілгеннен аз болып отыр. Алайда, Кудамада Джулшуб қаласы аталмайды. Онда Қулшубтен Құланға дейін - 4 фарсах, әл Идриси бойынша олардың арақашықтығы - 12 миль (20 верстке жуық). Осыған

қарағанда керуендердің басым көпшілігі Джулушубке соқпай, 30 верст келетін тікे жолмен Құланға қарай өткен.


Ибн Хурдадбек бойынша, Джулушуб Құмарық бойында орналасқан. Мүмкін Сұмқайтыдағы көне Күлшуб орналасқан жерде емес, керуендер өзеннің жоғары немесе төменгі ағысында тоқтаған болар, сол себептен Күлшуб пен Джулушуб арақашықтығында айырмашылық шықты деп пайымдайды.

- Құлан. Джулушубтен Құланға дейін 4 фарсах (26 верст). Құмарықтан (Подгорное) Луговойға (Тарты) дейін, пошта жолымен 23 верст, ал, станциядан Тарты жаңындағы Құлан қалашық құландысына дейін 3 верст, барлығы 26 верст шығады [2, 6].

В.А.Каллаур Н.Ф.Петровскийдің «Древние арабские дорожники...» атты еңбегінде, Кудама бойынша Тараздан Кулябқа (Құлан) дейінгі арақашықтық 14 фарсах (90 верстке жуық) деп көлтірген. Бұл мен көрсеткен: «Сұмқайтыға баар жол мен Тасақырдан Тарты жаңындағы Құлан деп баламаланған қалашыққа дейінгі арақашықтыққа тең келеді», - дейді. Жоғарыда аталған еңбекте Аспара Құлан секілді жерде орналасқан, Тартыны Құланмен, ал Аспараны Шалдавармен баламалағанымызды және олардың шебі көп жазық жерде орналасқанын ескерсеқ, Күлшуб те сол секілді жазық жерде орналасқан, оған Сұмқайты деп аталатын жер тұра келеді. В.А. Каллаур Тараздан Шығыс Туркістанға, Талас өзенімен баратын жол болуы мүмкін емес деп пайымдай келе, Қасрабас (Қасрабат) арабтың «каср» (кешік) және түркінің «бас» сездерінен құралып – «бас кешік» деген мағынаны білдірмес пе еken деп топшылайды. Егер, бұл дұрыс пікір болса, Қасрабас Ақыртас құландыларына сәйкес келер еді деп болжамдайды [2, 7-9].

В.А.Каллаур ортағасырлық жазба деректерінде кездесетін Төменгі Нушджанды Үлкен қара төртқұлмен, Қасрибасты Ақыртаспен, Күлшубті Сұмқайтымен, В.В.Бартольдтің пікірін қолдан көне Құланды Тартымен (Луговой) баламалап, Әулиесата мен Шалдовар аралығындағы керуен жолдың картасын дайындауды (1-сурет).

Үйірме мүшелері ашып, ғылыми айналымға енгізген көптеген археологиялық ескерткіштер Кеңес дәүірі кезеңінде жаңа методология негізінде кеңінен қайта зерттеліп, осы өңірдің қала мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы жайлы жаңа деректермен толықтырылды. Ескерткіштердің инструментальды өлшемдері алышып, толық сипаттамалары жазылды. В.А.Каллаурдан кейін ортағасырлық қалаларды баламалау мәселесін А.Н.Бернштам, Г.И.Пацевич, К.М.Байпақов, М.Елеуов және т.б. талдаған болатын.



1-сүрөт. Өүлигегата каласы мен Шалдавар ауылы әралтыбындагы жолдың жобасы (В.А.Каллауар бойыншы)

М.М. Бахтыбаев. В.А. Каллаурдың Әулиеата уезінің тарихи...

Құлан қалашығы жайлы алғашқы болып 1894 ж. В.В.Бартольд хабарлап, экспедиция мүшесі суретші С.М.Дудиннің сипаттамасын келтіреді: «... нельзя не заметить длинного (около полуверсты) невысокого вала, пересекающего несколько наискось дорогу и заканчивающегося у большого двухъярусного холма...». В.В.Бартольд ортағасырлық Құлан қаласын Луговоймен баламалаған [3, 40-48].

Кеңес дәүірінде атқарылған зерттеулер барысында Құлан қалашығы әр түрлі кезеңге жататын ескерткіштер кешені екендігі анықталды. Қалашықты 1936 ж. КСРО ҒА-ның Материалдық мәдениет тарихы институты мен КСРО ҒА-ның Қазақ филиалының біріккен экспедициясы (А.Н.Бернштам) алғашқы археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, Құлан аймагында алғашқы қоныс б.з. I ғ. пайда болғандығын анықтады. 1963-1965 жж. ЖАЭ-ның Луговой тобы, 1987 ж. Қазақ КСР ТЭАИ ТМЕЖ экспедициясы (К.М.Байпақов) және 2000 жылдан бері ОҚҚАЭ-сы (К.М.Байпақов) қайта зерттеді. Зерттеулер нәтижесінде Құлан қалашығы VI ғ. - XIII ғ. басымен мерзімделді [4, 283-289].

К.М.Байпақов Құлан қаласы Ибн Хордадбех, Кудама, әл Мақдиси, Якут еңбектерінде, Таң әулетінің тарихнамасында және қытайлық Сюань-Цзян жолсерігінде кездесетінің алға тартып, ортағасырлық Құлан қаласын Луговой (Құлан) қалашығымен баламаланғаны күмән көлтірмейді деп пайыздайды [5, 114-115].

Ақыртас кешенін 1936-1938 жж. КСРО ҒА-ның ММТИ мен КСРО ҒА-ның Қазақ филиалының біріккен экспедициясы (А.Н.Бернштам), 1940, 1945-1946 жж. Г.И.Пацевич қайта зерттеді. Г.И.Пацевич Ақыртасты IX ғ. дейінгі уақытпен мерзімдеп, оны ортағасырлық Қасрибаспен баламалайды [6, с.80-85]. В.А.Каллаурдың баламалауын К.М.Байпақов та қолдап, Ақыртас Жетісүды IX-X ғғ. билеген қарлұқтардың бітпей қалған орда болған деп тұжырымдаған [7, 30-31; 5, 96]. Сонымен қатар, М.Елеуов Ақыртастың Төменгі Барысханнан шығып Шу өңіріне бет алған Түрік керуен жолы бойындағы бірінші елді мекен екенін және оның орналасқан жерінің Кудама ибн Дж'фардың суреттегенін ескере отырып, Ақыртасты Қасрабаспен баламалаған пікірге қосылды [8, 175-176].

Кулшуб туралы Кудама ибн Дж'фар былай деп жазған: «Қасрибастан Кулшубқа дейін 4 фарсах, ол да Қасрибас сияқты, онан он жақта тау бар, тауда жеміс, жоңышқа және тау көкөністері көп» деп сипаттаған [9, 77]. Оны В.А.Каллаур Сүмкайты төрткүлімен баламалаған.

Кулшубті К.М.Байпақов алғашқысында Ақыртебе төрткүлімен баламалаған болатын [7, 31]. Ал кейіннен Өрнек қаласында жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижелеріне байланысты К.М.Байпақов Кулшубті Өрнекпен баламалайды [5, 114]. М.Елеуов Өрнек қаласының Ақыртастан 3 км шығыста тұрғанын және орналасқан жердің ортағасырлық деректерде көрсетілгендей екенін басшылыққа алып Кулшубті Өрнекпен баламалауды қолдады [8, 176]. Өрнек қаласы Сұлутөр шатқалында, Алтынсу өзені бойында, Өрнек ауылының маңында орналасқан.

В.А.Каллаур ашып сипаттамасын берген Сүмқайты төрткүлін 2009 ж. ТАӘ-сы (М.Елеуов) қайта ашып, географиялық координаттарын анықтап, оның толық сипаттамасын беріп, суретке түсірді.

Джулшуб қаласын К.М.Байпақов Малдыбай төрткүлімен баламалаған [7, 31]. Ал, М.Елеуов Малдыбай төрткүлі Өрнектен 15 км солтүстік-шығыста орналасқанын, яғни керуен жолынан солтүстікте екенін ескере отырып, К.М.Байпақовтың пікірімен келісе алмайтындығын атап, Джулшубті Кулиштан шығыстағы Жырлысу не Талдысу шатқалдарына кіре беріsten іздеген дұрыс болар деп пайымдайды [8, 176].

В.А.Каллаур Тараздан кейін бірінші елді мекен Төменгі Нұшджан (Төменгі Барысхан) қаласын Ұшбулақ пошта станциясының жаңындағы Үлкен қара төрткүлмен баламалаған болатын, ал кейінгі зерттеушілер Төменгі Барысханды Талас станциясының жаңындағы Төрткүлтөбемен баламалады.

В.А.Каллаур Әулиеата уезінің тарихи топографиясы мәселесіне жеті жыл өткен соң қайта оралды. Ол Тараздың батыс жағындағы Испиджабтан Шығыс Түркістанға баратын көне керуен жолдың бойынан араб қолжазбаларында аталған көне қалаларды іздеңстіруді жалғастырып, ортагасырылық жазба деректерді сараптай отырып, келесі мәліметтерге назар аударады:

Иbn Хордадбех пен Кудаманың қолжазбаларында: «Тазхадж в Реквабе 4 фарсаха; на этом холме, из которого вытекает тысяче ключей (мин булак), река, которую они образуют, течет на восток и потому называется Иркут т.е. обратно текущая вода. Потом едут в Марки, одна станция на Иркут 6 фрсахов» деп жазылған. Келтірілген деректе ескі жол Тазхадждан Меркеге барған, осы мәліметке сүйене отырып, В.А.Каллаур Испиджабтан Таразга барап ескі керуен жолы - Теріс өзені (көне Иркут (Баркуаб) өзені) жазығында екіге бөлінген: бірі - Күйік асусы арқылы және Тараздың оңтүстік жағынан өтіп, әрі қарай Меркеге барған, ал, екіншісі - Нанджар (Нанжер) жолымен, Күркіреу өзені бойында орналасқан Ақтөбе құландысы жаңынан және Грозное (Аманбаево) ауылы арқылы өтіп, Талас өзенінің тау аралық жазығында орналасқан көне қалаларға барған. Осы жерде Қызыладыр тауының Жолқұлат шатқалы арқылы өткен Таразға барап жол бөлінген дейді [10, 48-49].

Иbn Хордадбех бойынша Абардждж (Н.Ф.Петровский бойынша Тазхадж) елді мекенінде төбе бар, оның айналасында мың бұлақ ағып жатыр. Олар шығыска, яғни теріске ағып жатқан өзенди құрайды. Ол жерден өзеннің жағасына дейін 6 фарсах. В.А.Каллаур араб деректерінде Мыңбұлақ Теріс өзенінің батысында орналасқан, сол себептен профессор В.В.Бартольд Мыңбұлақ атауын Шақпақ бұлақтарымен [11, 26] жаңылыс баламалады деп жазды. Иbn Хордадбех бойынша Испиджабтан Таразға дейінгі аралық 26 фарсах құрайды. Егер, Н.Ф.Петровский бойынша 1 фарсахты - $6\frac{1}{4}$ верст деп алсақ, 26 фарсах $162\frac{1}{2}$ верст болады. Бұл Шымкент пен Әулиеата

М.М. Бахтыбаев. В.А. Каллаурдың Әулиеата уезінің тарихи...

араларының арақашықтығына тең. Себебі, осы қалалар арасындағы қазіргі пошта жолы - $164\frac{1}{2}$ верст болады. Шымкент пен Әулиеата арасында, Әулиеата уезі жағында бір де бір «ескі орындардардың» құландылары байқалмайды.

В.А.Каллаур Күйік шатқалынан 4-5 верст шығыста, пахса мен қыш құландылары барын және ол жер «Әбдурхман» деп айтылатынын жазып, өзінің пайымдауынша бұл құландылар «көне орын» еместігін атап өтті. Ол Шақпақ (Высокое) ауылынан Күркіреу өзенінің бойындағы Грозное (Аманбаево) ауылы мен Әулиеата қаласы арқылы Талас өзенінің тау аралық жазығына баар керуен жолын аралап, 1897 жылдың 9 қыркүйегінде Шымкент уезінде орналасқан Бурное (Б. Момышұлы) ауылынан Теріс өзенінің сол жағымен, ал Теріс өзеніне Шақпақ өзені қуяр жерінен жоғары өзеннің оң жағына өтіп, әрі қарай Құлантаудағы «Құлан ауыз» шатқалы арқылы Тұлкібас ауылына баар жолмен өтіп шықты.

Сапар барысында, В.А.Каллаур Құландауыз шатқалына 8 верст жетпей, Жеті төбенің оң жағында «Қырқ-к्रюз» (Қырық күмбез) төрткүлін ашып, оның сипаттамасын берді. В.А.Каллаур бұл секілді төрткүлді көрмегенін жазып, төрткүл жобасында төртбұрышты, оның қамалы топырақтан үйілген жал емес, бірқатар бойы төбе тәрізді үймелерден жасалғанын атап өтті. Төрткүлдің солтүстік пен онтүстік жағында, әрқайсысында 22 төбе бар. Оның ұзындығы 330 қадам, шығыс пен батыс жағында әрқайсысында 11 төбе бар. Олардың ұзындығы 20 қадам, ал айналдыра ұзындығы 1060 қадам, биіктігі $2\frac{1}{2}$ аршын болып келеді. В.А.Каллаур сонымен қатар, Қырық күмбез төрткулінен 500 қадам батыста екі төбенің орналасқанын, олардың аумағы 40 қадам, биіктігі $3\frac{1}{2}$ аршын болып келген деп сипаттамасын берді [10, 51].

В.А.Каллаур Құландауыз шатқалына жетпей Құландауыз төрткулі орналасқанын жазып, сипаттамасын берді. Бекіністің сыртқы жалының айналдыра ұзындығы 515 қадам. Оның орта бөлігінде цитаделі орналасқан. Ішкі жалдың ұзындығы 200 қадам. Ол төрткүлдің қабатында және бір бекініс орналасқанын, оның айналдыра ұзындығы 200 қадам болып келген деп жазады.

Кеңес дәүірінде Шақпақата (Кременевка) ауылынан 5 км солтүстік-батыста орналасқан Қырық күмбез (Қырық крюз) қалашығын 1940 ж. ЖАБ (Г.И.Пацевич) қайта зертте, оны сипаттап жазды. Қалашық жобасында тіктөртбұрышты, солтүстіктен онтүстікке қарай ұзындығы 144 м, батыстан шығысқа қарай 220 м. Қалашық айналдыра жалмен қоршалған. Оның солтүстік және онтүстік жағының әр қайсысында 17-і мұнара, ал батыс және шығыс жағында әр қайсысында 11 мұнара бар. Мұнаралар аумағы 10-11 м, биіктігі 1-1,5 м. Ал, олардың аралығындағы жалдың биіктігі 0,4-0,6 м. Қалашықтың батысында қақпаға қарама-қарсы тұста 300 және 500 м жерде қос төбе бар [12, 136-137].

Г.И.Пацевич зерттеу барысында ескерткіштің үстінде және оның айналасында бірде-бір ыдыс сынықтары табылмағандығын алға тартып, бұл

қандай ескерткіш болуы мүмкін деген ой айтып, сонымен қатар оны мерзімдеуден бас тартты.

Қырық күмбез қалашығы АКК реестрге №3916 нөмірімен енген [13, 278], ал КР ТМЕЖ ЖО жинаққа белгісіз себептермен енбеген. Оның негізгі себебін, біз қалашықтың мұлдем бұзылып кеткендігінде немесе ескерілмегендігінде дәп санаймыз. Себебі, 1940 жылдардың өзінде-ақ қалашықтың сақталу жағдайының мүшкіл болғанын, шаруашылық жұмыстары кезінде қатты бұзылғандығын Г.И.Пацевич жазып кеткен.

В.А.Каллаур ашып, сипаттап жазған Құландауыз төрткүлін 1940 жылы Г.И.Пацевич қайта ашып, жобасын түсіріп, сипаттамасын берді. Төрткүл жобасында төртбұрышты, көлемі 105x115 м. Айналдыра жалмен қоршалған, оның ені 5-6 м, биіктігі 1 м. Оның ішкі орталық бөлігінде цитадель орналасқан, оның көлемі 46x58 м, биіктігі 3 м [12, 135-136]. В.А.Каллаур мен Г.И.Пацевичтің ескерткішке берген сипаттамалары және орналасу жері туралы деректерді бір-бірімен салыстыра келіп, Құландауыз төрткүлін бірінші болыш В.А.Каллаур ашқандығын, ал Г.И.Пацевич екінші мәрте қайта ашқан дәп есептейміз.

В.А.Каллаур Құландауыз төрткүлінің жаңында орналасқан бекіністі 1897 жылы ашып, ал 1940 жылы Г.И.Пацевич Құландауыз төрткүлінің жаңында үш бекініс ашып, олардың жобаларын түсірді [12, 65, рис. 27, 2-4]. Осыдан келіп, Құландауыз төрткүлінің қабатында орналасқан үш ескерткіштің қайсысын В.А.Каллаур ашқан деген сұрақ туады. В.А.Каллаур өз сипаттамасында бекіністің айналдыра ұзындығы 200 қадам болып келген дәп жазған. Ескерткіштің нақты өлшемдері мен сипаттамасы да толық берілмегендіктен, бұл мәселе ашық түрінде қалып отыр. Сонымен бірге, Құландауыз төрткүлі және оның жаңында орналасқан бекіністер 1940-шы жылдардан бері зерттелген болса да, олар жайлы мәліметтер АКК атты реестрге және КР ТМЕЖ ЖО атты энциклопедиялық жинаққа белгісіз себептермен енбеген.

В.А.Каллаур ортағасырылық енбектерде Испиджабтан Таразға барад көне жол мен оның бойында орналасқан қалалар туралы мәліметтерді сарапап және оларды Өзүлеата уезіндегі ескі жолдар бойында орналасқан қалашықтармен салыстыра отырып, Бурное (Б.Момышұлы) ауылынан Тұлқібас ауылына барад жолдың Шақпаққа барад жолға қарағанда қысқа екендігін алға тартып, Құландауызға барад жолмен көне керуен жолы өткен болуы мүмкін дәп жорамалдады. В.А.Каллаур егер олай болса, Тамиадж (В.В.Бартольд бойынша Тамгадж) В.В.Бартольдтің пайымдауынша - Тұлқібасқа сәйкес келеді, ал мен ашқан Құландауыз төрткүлі - Тазхаджқа (В.В.Бартольд бойынша Абарджадж) сәйкес келеді дәп пайымдайды [10, 52].

М.У.Тұрадилов В.А.Каллаурдың Құландауыз төрткүлін Тазхаджқа (В.В.Бартольд бойынша Абарджадж) баламалағаны В.В.Бартольдтің Абарджаджты Шақпақ бұлағымен баламалаған пікіріне қайшы келеді дәп пайымдайды [14, 271]. Алайда, В.А.Каллаур араб деректерінде Мыңбулақ Теріс өзенінің батысында орналасқандығын алға тартып, профессор

М.М. Бахтыбаев. В.А. Каллаурдың Әулиеата уезінің тарихи...

В.В.Бартольд Мыңбұлақты Шақпақ бұлакпен қателесіп баламалағандығын атап өткен. Сонымен қатар, В.А.Каллаурдың Абарждаджды Құландауыз төртқұлімен баламалауын Г.И.Пацевич сынға алып, ортағасырыңқ Абарждаджды Шақпақата ауылының жанында орналасқан қалашықпен баламалады. М.У.Тұрадилов Г.И.Пацевичтің бұл пікірі күмәнді деп, ез пікірін білдірді: «Однако подобное отождествление вызывает сомнение уже в силу того факта, что здесь отсутствует дорога до станции, идущая по берегам реки Терс (Баркуаб), указанная в арабских дорожниках» [14, 278-179]. Сонымен қатар, белгілі зерттеуші К.М.Байпақов Шақпақ (Кремнєвка) қалашығын ортағасырыңқ деректерде кездесетін Барждаджбен (Абарждаджбен) баламалап, оның топографиясына сүйене отырып, Барждаджді керуен сарай болуы мүмкін деген пікір айтты [15, 32]. Бірақ кейінгі зерттеулерінде К.М.Байпақов Абарждадж қаласын Момышұлы ауылының жанындағы қалашықпен баламалайды [16, 256].

К.М.Байшақов Құландауыз төртқұлін типологиясына қарай үшінші класс тишине жатқызып, ал Г.И.Пацевич оны ортағасырыңқ Тамтаджбен баламалады [15, 32]. Г.И.Пацевичтің бұл шікірі В.В.Бартольд пен В.А.Каллаурдың шікірлеріне қайшы келеді, себебі, олар Тамтаджды (Тамиаджды) Тұлкібаспен баламалаған болатын. М.У.Тұрадилов Құдама ибн Джә'фардың «Китаб ал харадж» атты еңбегінде: «...Тамтадж шөлде [орналасқан], онда үлкен өзен және қамыс [бар]» - деген сипаттамасындағы «қамыс бар үлкен өзенді» Г.И.Пацевич Теріс өзенімен баламалағандығын жазады. Ол Құдама ибн Джә'фар мен ибн Хордадбехтің еңбектерінде Теріс өзені Баркуаб өзені деп аталғандығын жазып, ибн Хордадбехтің еңбегін саралай келе «қамыс бар үлкен өзен» мен Баркуаб өзені бір өзен деп санауга болмайды деп тұжырымдай келе, Г.И.Пацевичтің Құландауыз төртқұлін Тамтаджбен баламалауы шындыққа жанаспайтындығын атап өтеді [14, 276-277].

В.А.Каллаур Ирқут (Теріс) өзені бойында орналасқан «көне бекет» В.В.Бартольд сипаттап жазған Бурный (М.Момышұлы) ауылынан 3 верст жерде орналасқан үш шағын қалашықта немесе олардан жақын жерде орналасуы мүмкін деді. Алайда, көне бекет өзеннің оң жағында орналасқан. Себебі, Ибн Хордадбек бойынша өзеннің аргы бетіне өтіп, Меркеге қарай жол жүрген және Ибн Хордадбехтың мәліметіне қарай, осы жерден жол екіге болінеді деп жазады. Сонымен қатар, В.А.Каллаур көне Шаугар (Н.Ф.Петровский бойынша Есавагер) Құйік станциясының маңайында немесе В.В.Бартольд сипаттап жазған Әбдурахман құландыларында немесе олардан солтүстікте орналасқан Әулие бастау төртқұлінде орналасуы мүмкін деген пікір айттып, бұл жазба деректерінде Есавагер Ирқут (Теріс) өзенінен 3 фарсах (19 верст) ара қашықта орналасқан дегенине тұра келеді деп жазады.

М.У.Тұрадилов В.А.Каллаурдың Әбдурахман құландыларын көріп шыққан соң олар көне құрылышқа жатпайды деген пікірін алға тартып, ол

ТУРКОЛОГИЯ, № 4, 2011

Шауғарды Әулиебастаумен баламалауды жөн көрді деп тұжырымдайды [14, 272].

Ортагасырыңқ җазба деректерде Шауғардан кейін Джувикент орналасқандығы жазылған. Көне Джункет (В.В.Бартольд бойынша Джувикат) В.А.Каллаурдың пікірінше Боктөбеке (Бектөбе) сәйкес келеді. Бектөбе Аса өзенінің оң жағында, өзеннен 1 верст, Головочевка (Айша бибі) ауылынан бірнеше верст төмен жерде орналасқан. В.А.Каллаур Бектөбе - үлкен төбе, Аса өзеніне қарай созылып жатқан топырақтан үйлген жалы бар деп, сипатташ жазады [10, 53].

В.А.Каллаур ашқан Бектөбе ескерткіші жайлы мәліметтерді АҚК реестрде және ҚР ТМЕЖ ЖО жинағында кездестіреміз. Онда Бектөбе атымен екі қалашық туралы мәлімет берілген, біріншісі - Бектөбе ауылының батыс шетінде [13, 267-268, №3832; 4, 138, №171], ал екіншісі - Қаракемер ауылынан 2,5 км оңтүстік-шығыста орналасқан [13, 262, №3772; 4, 141, №180] және екі ескерткішті де 1938 жылы А.Н.Бернштам ашып, зерттеген деп жазылған. Бектөбе қалашықтарының орналасу жерлері жөніндегі деректерді В.А.Каллаурдың Боктөбе (Бектөбе) қалашығының орналасу жері жайлы сипаттамасымен салыстыра отырып, В.А.Каллаур атап еткен Боктөбе (Бектөбе) қалашығы Бектөбе ауылының батыс шетінде орналасқан - Бектөбе ескерткіші, - деп санаймыз. Себебі, Бектөбе ауылының маңындағы ескерткіш В.А.Каллаурдың сипаттамасына тұра келеді, қалашық ауылдың батысында, Аса өзенінің оң жағында орналасқаны және В.А.Каллаур қалашықтың жалдары өзенге қарай созылып жатқаны, Бектөбе қалашығының сызылған жобасына тұра келеді, онда жал мен ор өзенге қарай созылып жатқандағын көреміз. Бектөбенің сипаттамасын сарапай отырып, қаланы алғашқы болып В.А.Каллаур ашқан, ал 1938 жылы А.Н.Бернштам екінші рет қайта ашқан деп есептейміз.

К.М.Байшақов Джувикат туралы былай жазады: «Раскопки в Талассской долине проливает свет на существование здесь на протяжении VI-XII вв. города Джувиката. Он стоял от Тараза на два фарсаха (14-16 км) к западу. Местонахождение Джувиката установлено точно: это городище Бектобе...» - деп, ол В.А.Каллаурдың баламалауын қолдады [5, 90].

В.А.Каллаур Высокое (Шақпақбаба) және Грозное (Аманбаево) ауылынан өтетін жол жергілікті тұрғындар арасында Нанжер (Нанжер) атауымен белгілі, Высокое мен Грозное ауылдар аралығындағы жолдың 17-ші верстында Нанжер төрткүл орналасқанын атап өтті. Сонымен қатар, В.А.Каллаур Грозный ауылынан Әулиеатага баар жолының шығар жерінде Джилитөбе атты бірнеше үлкен обалардың, онан 1 верст жерде Қаратөбе обасы, онан әрі Маймақ бұлағында төрткүл орналасқанын және онан әрі Қызыл адыр тауындағы Кіші қақпа шатқалынан 7 верст жерде Чон Қаратөрткүл, оның жанында Майтөбе бекінісі орналасқанын жазды [10, 54].

В.А.Каллаур Нанжер төрткүлінің орналасу жері жайлы алғашқы болып хабарлаган. Қазіргі кезде Нанжер деп аталатын жерде орналасқан.

М.М. Бахтыбаев. В.А. Каллаурдың Әулиеата уезінің тарихи...

Ескерткішті ХҚТУ ТАӘ-сы (М.Елеуов) зерттеулерінде кездестіреміз [17, 92-96]. Онда Нанжер төрткулдері Қайрат ауылынан 2,3 км оңтүстік-шығыста, бұлақ көздері шығатын жерде, Ақсубұлақ жылғасының сол жағасында, қазіргі зират маңында орналасқандығы жазылған. Нанжер ескерткіштерін 1939 жылы ЖАБ (Г.И.Пацевич) ашқан, оның жобасы мен суреттемесі Жамбыл облысының тарихи-мәдени ескерткіштерінің Жинағында [18, 62-63, №107] және КР ТМЕЖ ЖО жинақта көрсетілген [4, с. 156. №214.].

Професор М.Елеуов: «Жинақта қатар жатқан екі елді мекен бөліп көрсетілмеген, оларды бір ескерткіш ретінде суреттеп жазып, жобасын берген. Біз Нанжер төрткулдерінің тарихи-топографиялық құрылымын ескере отырып, оларды бір-біріне жақын орналасқан екі ескерткіш ретінде қарастырып, Нанжер 1 және Нанжер 2 төрткулдері деп көрсеттік», - деп жазады [17, с92.].

В.А.Каллаур атап өткен жол Высокое (Шақпақбаба) ауылы мен Құркіреу өзенінің бойында орналасқан Грозное ауылы арасындағы ескі жол (Нанжер жолы) Бурное (Б.Момышұлы) ауылынан оңтүстікте өткен және В.А.Каллаур Нанжер төрткулі Высокое (Шақпақбаба) ауылынан шықкан жолдың 17-ші верстында орналасқандығын жазған, яғни 18-19 км. Бұл Бурное (Б.Момышұлы) ауылының тұсына сәйкес келеді. Сонымен қатар, жер атаулары өзгермейтіндігін ескерсек, В.А.Каллаур атап өткен Нанжар (Нанжер) төрткулі 1939 жылы Г.И.Пацевич қайта ашқан ескерткіш болуы мүмкін.

В.А.Каллаур сонымен бірге, атқарған зерттеулерді сараптай отырып, Әулиеата уезінің батыс бөлігінің картасын сыйып, онда ортағасырылық жазба деректерінде көрсетілген ескі керуен жолы мен қалаларды және белгілі көне ескерткіштердің құландыларын белгіледі [10, 55].

Корыта келгенде, В.А.Каллаур ортағасырылық жазба деректеріне сүйене отырып, Әулиеата уезінен өткен көне керуен жолы Тамтадждан Меркеге барғандығын алға тартып, Испиджабтан Таразға баар жол - Теріс өзені жазығында екіге болінгенін жазып, оның бірі - Түлкібастан Құландауыз шатқалы арқылы Құландауыз төркүліне, онан әрі Теріс өзені бойымен өтіп, Бурный (М.Момышұлы) ауылынан 3 верст жерде орналасқан «көне бекет» арқылы, онан әрі Күйік асуынан өтіп, Әулие бастау мен Бектебе қалашықтары арқылы Тараздың оңтүстігінен өтіп, онан әрі Үлкен қара төрткул, Ақыртас, Сүмқайты, Тарты арқылы Меркеге барған. Ал, екінші тармағы - Нанжер жолымен Высокое (Шақпақбаба) мен Грозное (Аманбаево) ауылдары аралығындағы жол, Құркіреу өзені бойында орналасқан Ақтөбе құландысы жанынан өтіп, Талас өзенінің тау аралық жазығында орналасқан көне қалаларға барған. Осы жолдан Талас өзенінің жоғарғы ағысына соқпай, Таразға баар жол болінген, ол Қызыладыр тауының Жолқұлат шатқалы арқылы өткен.

В.А.Каллаур жазба деректерге сүйене отырып, ұсынған көне керуен жолының маршрутын кейінірек Г.И.Пацевич те қолдады. Алайда ол маршрут

ТУРКОЛОГИЯ, № 4, 2011

бойына Шақпақ қаласын қосып, оны ортағасырлық Абарджаджбен баламалады. Сонымен қатар, көне керуен жолы өткен маршрут туралы тағы бір пікір бар. Оны белгілі ғалым К.М.Байпақов ұсынған. Ол Г.И.Пацевичтің Шарабтан Терістегі көне бекетке дейінгі аралықтағы қалалар жайлы ұсынған баламалауын қолдады. Бірақ, Терістен Таразға дейінгі маршрут бойынша езге пікір айтты.

К.М.Байпақов жазба деректерде көрсетілген керуен жолы Бурный (М.Момышұлы) ауылынан Қүйік асуы арқылы емес, Аса өзені бойымен өтіп Джувикатқа барған деп пайымдайды [7, 29-30]. Ал, М.Елеуов Испибджаб-Тараз аралығындағы керуен жол туралы: «Зерттеушілер аттары осы жазба деректе аталған қалалардың баламалануы туралы әртүрлі пікірде, дегенмен, олар Түрік жолының Испибджаб-Тараз аралығында Төрткүлтөбе, Азаттық, Құландауыз төрткүлі, Шақпақ, Бурнооктябрь, Бектөбе қалалары арқылы Таразға өткеніне шек келтірмейді. Қаратауда XX ғ. 90-жылдарында, 2002-2004 жок, және 2006 ж. жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Түрік жолының Испибджаб-Тараз аралығындағы Қүйік, Маймақ бағыттары, Хан өткелі тармағы, оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай Қаратау арқылы өткен Қесегенің көкжонына қатысты жаңа деректерге қол жетті» деп тұжырымдайды [19, 4]. М.Елеуов бойынша Қүйік бағыты Қобалбұлақ, Машат өткеліндегі елді мекен, Төрткүлтөбе, Азаттық қалалары, Қызыл бел, Құлан асулары, Құландауыз, Адыраспан төрткүлдері, Бурнооктябрь қаласы, Қүйік асуы, Бектөбе қаласы арқылы Таразға өткен. Осы бағыттың бір тармағы Қобалбұлақ, Қарабұлақтағы елді мекендер, Мақталы, Керейт қалалары арқылы өтіп Балықты өзеніне жеткенде, Төрткүлтөбе қаласы арқылы өткен негізгі бағытқа қосылған. Осы жолдың ортағасырлық Азаттық қаласынан шығысқа қарай жүрген Маймақ бағыты Шақпақбаба қаласы мен төрткүлі, Құлтөбе, Нанжер төрткүлдері, Мыңбұлақ, Ұзынбұлақ, Көкбұлақ төрткүлдері, Ақтөбе қаласы, Қасқыртөбе елді мекені, Маймақ шатқалы арқылы, Қаратау, Күзембайтөбе, Жуантөбе елді мекендері арқылы өтіп Таразға жеткен.

В.А.Каллаур жүргізген зерттеулер барысында керуен жол туралы ұсынылған тұжырымдарды кейінгі зерттеушілер қолдай отырып, жинақталған жаңа деректер негізінде Испибджаб-Тараз аралығындағы Түркі жолының бірнеше тармақтары болғандығын дәлелдеді.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Петровский Н.Ф. Древние арабские дорожники по Средне-Азиатским местностям, входящим в настоящее время в состав русских владений. Пособие для разыскания древних путей и местностей. –Ташкент, 1894. - 60 с.
2. Каллаур В.А. Древние местности Аулиягинского уезда на старом караванном пути из Тараза (Таласа) в Восточный Туркестан // ПТКЛА (1896-1897), II. – Ташкент, 1897.

М.М. Бахтыбаев. В.А. Каллаурдың Әулиеата уезінің тарихи...

3. Бартольд В.В. Отчет о командировке в Среднюю Азию с научной целью. 1893-1894. // Сочинения в 9-ти томах. - Т. IV. Работы по археологии, нумизматике, эпиграфике и этнографии. - Москва, 1966.
4. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Жамбылская область. - Алматы: РГП "НИИИ ПМК", 2002. - Т. 2.
5. Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. - Алматы: Фылым, 1998.
6. Пацевич Г.И. Ахыр-Таш // Вестник АН КазССР. - № 4. - Алма-Ата, 1949.
7. Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. (VI – нач. XIII вв.). - Алма-Ата: Наука, 1986.
8. Елеуов М. Шу мен Талас өнірлерінің ортағасырлық қалалары (VI-XIII ғ. басы). - Алматы: Қазақ университеті, 1998.
9. Волин С. Сведения арабских источников IX-XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах // Труды института истории, археологии и этнографии АН Каз ССР. - Т. 8. - Алма-Ата, 1960.
10. Каллаур В.А. Древние местности Аулиятинского уезда на древнем караванном пути на запад от Аулията к границе Чимкентского уезда // ПТКЛА (1903-1904), IX. - Ташкент, 1904.
11. Бартольд, В.В. От Чимкента до Аулия-ата // Сочинения в 9-ти томах. - Т. IV. - Москва: изд. Наука гл.ред. Восточной литературы, 1966.
12. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды ИИАЭ. - Т. 5. - Археология. - Отдельный оттиск. - Алма-Ата: Изд. Академии наук КазССР, 1958.
13. Археологическая карта Казахстана. - Реестр. - Алма-Ата: Изд.Академии наук Казахской ССР, 1960.
14. Турадилов М.У. Историческая топография Аулиятинского уезда в трудах В.А. Каллаура // Известия НАН РК. - Серия общественных наук. - № 1. - 2005. - с.271-279.
15. Байпаков К.М. Типология средневековых городищ Южного Казахстана и Семиречья (VI - начало XIII в.) // Известия Академии наук Казахской ССР. - Серия общественных наук. - № 3. - 1981.
16. Байпаков К.М. Қазақстанның ежелгі қалалары. - Алматы: «Аруна ltd.», 2005.
17. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2006-2008 жылдарға арналған іргелі зерттеулер ғылыми бағыты бойынша орындалған Қаратаудың археологиялық ескерткіштері ғылыми жобаның 2006 жылғы (аралық) есебі (қолжазба). - Түркістан, 2006. - 155 - б. // А.Ясауи атындағы ХҚТУ АҒЗО архиві. - Инв. № 10.
18. Алипчеев И.С., Байбосынов К. Свод памятников истории и культуры Джамбульской области. - Джамбул, 1982.
19. Елеуов М. Қаратаудың ортағасырлық керуен жолдары. - Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің Тұран баспаханасы, 2007.

REZUME

M.M. BAKHTYBAYEV (Turkistan)

**B.A.KALLAUR'S CONTRIBUTION TO THE HISTORICAL TOPOGRAPHICAL
RESEARCH OF AULIEATA**

In this article V.A. Kallaura's contribution to study of ancient monuments and historical topographical researches of Aulieata district is considered.

ЭТНОМЭДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Жеменей ИСЛАМ

ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР ЖӘНЕ АУДАРМА МӘСЕЛЕСІ

Статья рассматривает возможности расширения мировоззрения казахской истории и культуры путем перевода исторических казахско-туркских оригинальных записей из арабского, персидского и древнетюркского языков непосредственно на казахский язык.

*Yazar, Kazak Türklerinin tarihi hakkında
Arap, Fars ve eski Türk dillerinde yazılan
kaçnakların Kazakça'ya çevrilmesi, Kazak tarihi
ve kültürü bakımından çok yararlı olacağım öne
süttür.*

Қазақтың тіліне, әдебиетіне, мәдениетіне қатысты түркілік дәуірінің көптеген жазба деректері араб, парсы, түркі тілдерінде мұра болыш қалған. Оған айғақ ретінде араб тіліндегі жазба дерекердің саны 600 мыңға жуық, парсы тіліндегілер 200 мыңға таяу болса, түркі тіліндегілердің жалпы саны 70-80 мыңға жетіп жығылады. Бұлардың ішінде қазақ халқының саяси тарихы, тұрмыстық жағдайы мен өмір сұру салты, сондай-ақ қазақтың құрамына енген жалайыр, дулат, қаңзы, қоңырат, найман, аргын, керейт, қышишақ тағы басқа тайпалар туралы мәлімет бар. Сонымен қатар қазақ даласында орналасқан мәшінүр қалалар, мәселең, Исфижаб, Баласағұн, Сығанақ, Йәсі, Сайрам, Сарай, Сарайшық, Түркістан, Сайрам, Шымкент, Меркі, Жаркент, Тараз жайындағы мағұлматтар жеткілікті.

Кеңес дәуірінде қазақ тарихы мен мәдениетіне байланысты, отарлау саясатының кесірінен қазақ ғалымдарына өз тарихын түшнүсқалық деректерден оқып зерттеулеріне, мамандар даярлауларына мүмкіндік берілмеді. Өйткені 1949 жылғы оргалық комитетінің құпия жарлығы бойынша қазақ ғалымдарының шығыс елдерімен мәдени-әдеби байланыстар жасаудың тыйым салынған-ды. Содан барып қазақтың өткен тарихымен қоса кеңес дәуіріндегі қазақ халқын жашай қыру шындығы да, Алаштың ірі қайраткерлерін құғын-сүргінге ұшыратып, қырып-жойған деректермен қатар ғалымдардың шығармаларына да тыйым салынды, деректер жабулы қазан күйінде қала берді. Кеңес дәуіріндегі соңғама саяси-психологиялық қысымға қарамастан, қазақ ғалымдары мен қаламгерлері өткен тарихымыздың мәдени-рухани мұраларын түрлі тәсілдер арқылы іздестіріп, өз шығармаларына арқау етті. Бұл жайында М.Әуезовтің «Абай жолы», I.Есенберлиннің «Көшпендер», Ә.Кекілбайдың «Үркөр», М.Мағауиннің «Бес ғасыр жырлайды» тоңтамасы, Тұрмағамбет Ізтілеуұлының Әбілқасым Фирдаусидің «Шаһнаме» атты жыр дастанының желісінде жырлаған «Рұstem-Дастаны» айқын мысал бола алады.

Алайда, өкінішке орай, қазақтың түркілік дәуіріне қатысты деректерді парсы, араб немесе түркі тілінен тікелей пайдалана алмай, орыс тілін дәнекер тіл ретінде пайдалануға мәжбүр болдық. Сонымен қатар өзіміз деректердің

Ж.Ислам. Жазба деректер жөне аударма мәселесі.

түп нұқасына қол жеткізе алмағандықтан, көбінесе орыс шығыстанушы ғалымдарының талдауы мен пайымдауларына тәуелді болдық. Бұның бәрі Мәскеудің отарлау саясатының жоспарының негізінде қазақты өзінің төл тарихынан, мәдениетінен қол үздіріш, ұлттық тұрғыдан психологиялық күйзеліске ұшыратуды көздеңген саясаты шеңберінде іске асып отырды. Әрине, олар соракы шиғылдарының мақсатына белгілі бір деңгейде қол жеткізе алды. Мәселен қазақтар арасынан ұлттық болмысынан ажыраған ақын, оқымыстылар кездеседі. Ед жаман тұсы орыс тілді қазақтардың бір болігі көп жайтта апа тілін білмегендімен қатар өзінің затынан да безген жандар больш жүргендөрі жүрекке ауыр тиеді. Бірнеше ғасырға созылған орыстың отарлау саясаты қазақтарды өз тарихи құндылықтарына бей-жай қарайтын жағдайға жеткізді.

Қазіргі кезде тәуелсіздіктің арқасында көптеген кемпіліктерге қарамастан ұлттық-мемлекеттік мұддемізге қатысты әжептәуір жетістіктерге қол жеткіздік. Оған дәлел Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолдаш, қуатташ отырған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасын айта аламыз. Осы бағдарлама аясында бірталай археологиялық шаралар археолог ғалымдар тарарапынан іске асты. Атырау облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау, қалына келтіру және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспекция басқармасының атқарған шаралары нәтижесіне қарағанда Қызыл қоға ауданы бойынша 67 археологиялық ескерткіштер бар. Олардың ұшеуі мемлекеттік жөндеуде, қалғаны алдын-ала есепке алу тізімінде тұр.

«2006 жылы Қарабау селосынан солтүстік-шығысқа қарай екі шақырым жердегі жерде, Жолайшағыл Құм төбелі қабірінде археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген. Оның нәтижесінде б.з.д. II ғасырдағы Сармат ханпайымының қабірі табылды. Одан Самрук құс бейнеленген алтын алқа, алтын сырғалар, алтын әшекей, асыл тастан жасалынған моншақтар, құмыра ыдыстары шықты. Сонымен қатар, Ақтөбе және Қарабау мекендерінде археологиялық барлау жұмыстары жүргізілуде» (Ерсайыш Өмір, Алтын орда, 13-19 қыркүйек 2007 ж.). Бұл мәліметтерге қарағанда «Мәдени мұра» бағдарламасы археолог ғалымдардың жұмысынан қозғау күш екенін көрсетеді. Біздің ұсыныш отырған мақаламыз қазақтың түркілік дәүіріне қатысты жазба деректердің жинақталыщ, елбасының нақты ұсынысына сай, барлығын қазақ тіліне аудару мәселесіне байланысты болып отыр.

Аударма мәселесіне келгенде – тәуелсіздіктің самал желі есе бастаған, сонау 1986 жылынан біраз бұрын ғалымдарымыз кеп те болса Қожа Ахмет Йасауи, Жұсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари сынды түркі халықтарына ортақ тұлғалардың түркі тіліндегі жазылған шығармаларының түшінсізасын негізге ала отырып қазақ тіліне тәржімалап ғылыми айналымға енгізді. Сондай еңбектердің қатарында: Жұсіп Баласағұнның «Құтты білік» Махмұд Қашғаридың «Түрік сөздігі» – екеуін де аударып, алғы сөзін жазған ғалым, ақын Асқар Құрманшұлы Егеубай. Қожа Ахмет Йасауидың «Хикмет

жинағы» (жинақты басшага әзірлеген, алғы сөзі мен түсініктерді жазып, сөздікті және қазақша жолма-жол аудармасын жасағандар – Мұхамед-Рахым Жармұхаммедұлы, Мақсұт Шағиғи, Сәрсенбі Дәуітұлы, қазақша көркем тілге тәржімалашған Есенбай Дағысенбай).

Қазақ мәдениетіне қатысты араб тіліндегі қолжазба деректерді қазақ тіліне аударып, ғылыми айналымға енгізіп жүрген шығыстанушы ғалым Әбсаттар Дербісөлі. Ол қазақ топырағында дүниеге келіп ислам әлеміне елеулі еңбек еткен көптеген түркі ғалымдары мен қаламгерлерінің өмірбаяны мен шығармашылығы жайын «Қазақ даласының жұлдыздары» атты кітабында және «Қазақтың дана перзенттері» атты қолемді мақалаларында оқырмандарға таныстырыды. Соңдай-ақ Мырза Хайдар Дулаттың «Жаһаннаме» поэмасын да түркі тілінен аударып, сөздігін жасап, кіріспесін жазып, ғылыми басылымын дайындаш, басшадан жарықта шығарды.

Қазақтың тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне қатысты ендігі жерде тікелей тұшнұсқалық деректермен ғылыми-зерттеу жұмыстарды жүргізу қажет. Өйткені Ресей мен Өзбекстан сыңды елдердің шығыстану саласы қанпама дамыған болса да олардың зерттеулері өздерінің ұлттық және мемлекеттік мұдделерінен аспайды. Сол үшін біздер жазба деректердің қазақ тіліне аударылуын жүйелі түрде қолға алуымыз керек. Оның бізге берері көп екендігін аудармадағы науқандық шаралардың пәтижелері көрсетіш келеді. Мәселен Жамбыл облысының бүрінші әкімі Серік Үмбетовтың ұсынысы әрі қолдауымен М.Х.Дулати атындағы Тараз Мемлекеттік университетінің «Дулаттану» ғылыми-зерттеу оргалығында Тараз қаласына қатысты жазба деректерді көбінесе тұшнұсқадан қарастырып, «Көне Тараз» және «Тараз-парсы ақындарының жыр шумақтарында» атты кітаптарға енгіздік. Бұл еңбектер облыс әкімдігінің және Иран ислам республикасы елшілігінің мәдени орталығының қаржыландыруы арқасында, Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойының қарсаңында жарық көрді.

Сонда байқағанымыз, сол кезге дейін бірде-бір шетелдік ғалым Тараз қаласын парсының жазбаларынан қарастыра қоймапты. Қарастырған еңбектерде Тараз қаласы көптеген парсы ақындарының жыр шумақтарына арқау болышты. Атап айтқанда: парсы тілді Рудаки (XI), Фердауси (941-1011), Әсәди Туси (XII), Фәррохи Систани (X-1038), Фәхреддин Горгани (т.ж. белгісіз-1074), Мәчүд Сәд (1048-1101), Сузәни Самарқанди (XII), Ҳағани Ширвани (1126-1199), Ҳаким Санай (XI-XII), Дәғифи Туси (XI), Әнвәри (XII) сыңды ақындары Тараз қаласының аруларын, шеберханаларын, арғымактарын, әсем базарларын, киімдерін, ерлерін өз бәйіттеріне өзек еткен. Иран ақындарының Таразға көніл бөлгендігі аталған қала Орталық Азияның ортағасырларда дамыған сауда, өнер орталық шағары болғандығын айқындайды. Ол дегеніміз Қазақ жерінде отырықшы мәдениеттің де өркендегенін көрсетеді. Демек тікелей тұшнұсқалық жазбаларынан мәдениетізге қатысты көптеген деректер кездестіре аламыз.

Ж.Ислам. Жазба деректер жөне аударма мәселе

Қазақ тілінің тарихын зерттеуге де түшнүсқалық деректермен жұмыс істеу айтарлықтай қазақтың орта ғасырларда қолданыста болған сөздерін біршама анықтап бере алады. Ана тіліміздің тарихына мән берер болсақ тікелей аударманың қажеттілігіне назар аударатын уақыт жетті. Мәселен – Мырза Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашиди» еңбегін түшнүсқадан қазақ тіліне тәржімалағанды Мырза Хайдар халқымыздың наным-сеніміне, салт-дәстүріне, күнделікті тіршілігіне қатысты жүзден аса қазіргі кезге дейін сол күйінде, сол мағынасында пайдаланыш келе жатқан қазақ сөздерін қолданғанын көрдік. Соңдықтан жекелеген қазақ сөздері тарихи-әдеби жазба деректерінде қолданылып жатса, оның әрбір сөзінің қаншама материалдық һәм мәдени-рухани жүктемесі бар екенін үғыну қын емес. «Тарих-и Рашиди» еңбегінде төмендегі қазақ сөздерін сол күйінде кездестірдік. Олар: Кек ешкі, жарлық (иәрлық), құсpsy, қымыз, қымыз той, елші, қымыз кесесі, мансаң, тұман ту, қосын ту, мөгөл ұлысы, қалмақ, қоналқы, ауын, қазақы рәсім (қазақы салт), қымыз дәрмен (қымыз ем), таңба, жар (сай), олжа, сабақ, орамал, дастарқан, кішкене, көкірек, кіршік, төгілген, төре, тоғыз тарам (өткел), жұлде, қарауыл, қорық, қазық қағу, (қазба жұмысы), кез (өлшем), тоқпақ (токмақ), жеті құдық (иеті құдық), дорба, ағаш (соқа), қошқар, мұхит, Қара Тұран Қытай (өзен), көл, қашыр, талқан, жонқар қол (сол жақ қанаты), шақыр (көмине), нәмәрт, қын, мөлшер-будал (бөлшектеніш белгіленген аймақ, жер бөлігі мағынасын билдіреді), әскер, ат басы, сан (дene мұшесі), қараңғытау (тағ), қаратал, қопын, аймақ, қодас, азық, жарақ, қара құлақ, (адам есімі), қатар, орда begi, Жәке (құрмет түрінде қысқартып атағаны), Жарас (есім), Мөңке бек, Тоқтақұл, Ұзын сақал, Тәнірберді, тұлқі атар, қол, батыл, қызыл, Тыныш хан, ауқат, мәслихат, томага, Сутемген (есім), аталақ (аталақ салты бойынша), сынаң, жеде, аула, Көк кесене, сардар, Мамық (есім), Сансыз (есім), шөл, корық, женгелік (әменигерлік-иәнгелик), ұрық, бақептерхана ұшып сұңқар болды, Алматы, Ақтас (Ақтап), қазына т.б.

Тарихи жазба деректерді аудару, біріншіден, қазақ тілінің тарихын, тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін дәйікті түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Екіншіден, деректердегі мазмұнды ұлттық мұддеге орай қарастыруға, зерделеуге жол апады. Үшіншіден, қазақ тілінің сөздік қорын байыта түседі. Төртіншіден, қазақ тілінің әлем тілдер арасында бәсекеге қабілетті тіл болуына көмектеседі. Бесіншіден, қазақ тілінің терминологиялық қазынасының молаюына ұлес қосады. Алтыншыдан, халқымыздың ұлттық тіл, әдебиет пен фольклорының түркілермен қатар монгол, араб, парсы халықтарымен ортақ тұстарын анықтауға көп мүмкіндік береді. Жетіншіден, ғалымдармыз қебінесе орыс тіліндегі зерттеулерді пайдаланыш келгені үшін тарихи тұлғалардың аты-жөні, жер-су аттарын орыс тілінің транкрипциясы бойынша жазып та айтыш та келдік. Бұл бір сөздің этимологиясын анықтауда қындық тудырады. Әрі Ахмет Байтұрсынұлының төте жазуы негізінде жасалған қазіргі кирилл жазуы әрбір дыбыстың бір таңбамен көрсете алады. Соған қарамастан біз орыстың дыбыстандыру заңына бағыныш келдік.

Тікелей аударма есімдерді қазақ әліппесімен дыбыстындыруға мүмкіндік береді.

Ұлықбектің «Ұлыс әрбә’е» (Төрг ұлыс), Ата Мәлек Әлаеддин-Бәһаеддин Мұхаммед ибн Шәмседдин Мұхаммед Жовейнидің «Тарих-е Жаһангешай» (Әлемді жаулаш алушының тарихы), Шарафеддин Әли Иәзидидің «Зафарнаме» (Женіс хат немесе женіс кітабы), һомәд-әл-лаһ Мостуфидің «Тарих-е Гозиде» (Таңдаулы тарих), «Тарих-е Вәқаие» (Оқиғалар тарихы), Рашидеддин Фәзлоллашың «Жәми-ат-Тауарих» (Жалпы тарих), «Жам-е Гитинәмай» (Әлем көрінетін кесе), Фәзледдин Рузбенан Исфаһанидің «Меһманхане Бұхара» атты еңбектерін әлем зерттеуші ғалымдары ана тілдеріне аударып күні бүгінге дейін ортағасырлардың өте құнды деректері ретінде пайдаланыш келеді. Қазақ ғалымдары солардың аудармаларын пайдаланғанын олжак санағ келе жатқандығы жасырын емес. Шынтуайтына келгенде төуелсіздігіміздің жиырма жылда дайындалған кадрлармен ғылыми аударма саласына жаңа сершін беруге мол мүмкіндік бар.

Осы орайда Қазақ хандығының саяси тарихына қатысты оқиғалар Мұхаммед Шейбанимен (1451-1510) тіке-тіресі Мұхаммед Салиғтың «Шейбанинаме» атты поэмалық дастанында баяндалады. Соңдай-ақ «Меһманхане Бұхара» кітаптың автор Қазақ хандарының Мұхаммед Шейбани арасында болған соғыстарды бейнелей отырып, Қазақ халқының көшпені өмірін өлең жолдарымен суреттейді. Әрине, кітаптың бас кейішкери Мұхаммед Шейбани болғаңдықтан оқиғалардың шынайылығы ой елегінен өтуге тиіс екендігі тарихшы ғалымдардың ұлесіне тиесілі болып табылады. Аталған кітапта қазақтың өмір салтын төмөндегі өлең жолдарымен сипаттаған:

Жылжымалы үйлері тайпасының қазақтың,
Мәшінүр болып келеді барлық мынау әлемге.
Ұлысы мен кішісінің қазақтың,
Шарықтайдай үйлері биіктерде.
Мекен еткен жеріне қарай қалсаң қазақтың,
Жүзіп бара жатқандай көрінеді көктерде.

Жазба деректердегі осындай мәліметтер сан саланың зерттеліш, зерделенуіне тамыздық бола алатыны анық. Мәселен, бұл шумаққа ой жүгіртсек қазақ хандығы құрылмастан бұрын Қазақ халқының қазақ атауымен қалыптасып, өмір салтының қалыптасуын байқауға болады. Бұның өзі зерттеушіні қазақ сөзінің этимологиясына біршама жақындана түседі.

Түйіндең айтқанда, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар жастарды түрлі спорттық, мәдени шаралар деген сыйлаумен концепттік ән кештеріне, ойын-сауықтарға қатыстырып жатады. Сейтіш жалған жұлдыздардың қатарын көбейтіп жатады. Бірақ та ұлттық мәдени-ғылыми шаралар жеткілікті түрде жасалмайды. Соның салдарынан жастардың кітап

Ж.Ислам. Жазба деректер жөне аударма мәселеcі

окуға деген ықылас-ынтасы кемшін түсіп жатады. Содан жастардың басым бөлігі ғалым болуға, тарихы мен әдебиетін тануға құлықсыз.

Ендігі жерде жастардың тарихи санаасын ояту үшін, білім мен ғылымға құштарлығын арттыру үшін, қазақтың тарихына, жеріне байланысты соңғы зерттеу жұмыстарды сарапап, окулықтарға әрі окулық құрал қатарында мектептер мен жоғарғы оқу орындарында кеңінен қолданысқа енгізу керек.

Ал, қазақ тарихына қатысты еңбектерді қазақ тіліне аудару қазақ тарихының түркілік дәуірін, мәдениеттің қарым-қатынасын терендете түсімізге септігін тигізеді. Әрі қазақтың шығыстану ғылымының дербес шаңырақ құруына негіз қалай алады.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Сұлтанов Т.И. Алтын Орда. Ауд. Р.Шаймарданов. Алматы, «Мектеп», 2004, -176 б.
2. Жеменей И. Мұхаммед Хайдар Дулат - тарихшы-қаламгер, «Зерде», 2007, -360б.
3. Фәззелдин Рузбекан Исфанағи. Мәһманхане Бұхара. Ташкент, Ә. Бируни атындағы шығыстану институтының қолжазба қоры, № 1414.
4. Мұхаммед Малих. Шейбанинаме. С.Петербургъ, 1904, 225б.

REZUME

ZH.ISLAM (Almaty) LITERARY MONUMENTS AND TRANSLATION PROBLEMS

The goal of this article is in extending the world outlook of Kazakh history and culture by translating historical Kazakh-Turkic original records from Arabic, Persian and ancient Turkic languages directly to Kazakh language.

ЯСЫН ҚҰМАРҰЛЫ

КӨШПЕЛІЛЕР ЖӘНЕ БАЙЫРҒЫ ҚЫТАЙДЫҢ ОРТА ЖАЗЫҚ ТОТЕМ МӘДЕНИЕТІ

В статье говорится о том, что тотем Улу (дракон) в Среднюю равнину древнего Китая пришел от кочевников севера. Разносторонне раскрываются его языковые, исторические и археологические основы.

Bu makalede, büyük ejderha sembolünün Çin bozkırına kuzeydeki göçmenlerden geldiğinden bahsedilmiş ve bu sembolün tanrı, efsanevi, arkeolojik ve dil özellikleri detaylı olarak incelenmiştir.

Көшпелілердің тотем мәдениетінің байырғы Қытайдағы орта жазыққа әсері мол. Оның тарихы тым аргы замандағы тас дәуірлерінен бастау алатындығы байқалады. Біз осылардың ішіндегі ең типтік болған, оның үстінде мыңдаған жылдардан бері Қытайдағы орта жазығында ең негізгі орында тұрған ұлу (айдар) тотемі туралы баяндаймыз.

Қытайдағы орта жазығына терістік көшпелілердің жыланға, бөріге, бұғыға, жылқыға, т.б. жануарларды тотем ету наным-сенімі әр дәуірлерде әсер еткені байқалады. Ұлу (айдар) тотеміндегі ұлу символының өзінен де әр дәуірде әр мүшесінің әр түрлі жануарға еліктелгендейтін (ұлу мен крифонның, ұлу мен жылқының, ұлу мен бөрінің байланысын аңғартатынын) байқауға болады.

Әр түрлі мақұлықтың әр мүшесіне еліктеліп символданған құрама мақұлықты (айдар) тотем ету Қытайдағы орта жазығында ғана өмір сүрмеген, ол Евразия даласында түрліше форма, түрліше мазмұнда таралған. Бұларда көріністік жақтан азын-аулақ шарықтар болғанымен, мазмұндық жақтан үлкен ортақтықтың барлығын байқауға болады.

Евразия даласындағы батысы Қара теңізден шығысы Жапон теңізіне дейінгі кең-байтақ далада кең таралған байырғы көшпелілердің батыс галымдары көбінде грифон атаған құс тұмсық (кейде бөрі немесе барыс тұмсық), бұғы мүйіз (кейде таутеке, құлжа мүйіз), жылқы тұяқ (кейде барыс немесе бөрі тұяқ) мақұлықтың бейнесі салынған алтын әшекей әрі нанымдық маңызы, әрі эстетикалық талғамы жағынан терістік өсеменеріндегі айрықша маңызды орында тұрады. Көшпелілердің осы алтын әшекейі Қытайдағы терістігіндегі далалық өнірлерде Жауласқан бектіктер заманында (战国: б.з.б. 475ж - б.з.б. 221ж) пайда болып, Хан патшалығы дәуірінде (б.з.б. 206ж - б.з. 220ж) етек алды. Бұл үлгідегі әшекейлердің бір бөлімі Қытайдағы орта жазық ұсталарының қолынан шығып, Хан дәуірінің жоғары жік ақсүйектері әуес бұйымға айналды [1, 34-44].

Ұлу дегендеге адамдардың кез алдына көдімгі теңіз ұлы келуі мүмкін. Алайда бұл тақырыбымызда айтпақшы ұлуымыз көдімгі теңіз ұлы емес, қайта байырғы замандағы тұтас Шығыс және Терістік Азия халықтарының ең

Я.Құмарұлы. Қөшпелілер және байырғы Қытайдың орта жазық...

негізгі рухани тотемі – айдаһар. «Айдаһар» атаяу түркі тілдеріне кейін араб-парсы тілдерінен қабылданғы. Он екі мұшпелдегі «айдаһарды» қазақ ұлу ататыны да осыдан. Төменде біріншіден, түркі тілді халықтар ислам дінін қабылдаудан бұрынғы, яғни «айдаһар» сөзі «ұлу» сөзінің орнын баспай тұргандағы жағдай сөз болатындықтан; екіншіден, ұлу тотемінің түркі тілді халықтардың мәдениетіндегі ізі тіл мәдениеті жағынан да қазбаланатындықтан, мақалада айдаһарды – «ұлу», қазіргі өзіміз айтып жүрген теңіз ұлуын – «кәдімгі теңіз ұлуы» деп алуды жөн көрдім.

Қиыр шығыстағы ұлу тотемінің археологиялық дерегі осыдан 8 мың жылдың (б.з.б.6000) алдына барады. «Қытай мәдени мұралар газетінің» 1997 жылғы 8-маусым күнгі нөмірінде: «Лияунинде 8 мың жылдың алдындағы көне тас дәуірінің байырғы жүртynan ұлу тотемі байқалды» деген хабар жарияланды (Лияунин - Қытайдың шығыс терістігіндегі өлкенің аты. Ол бертінгі заманға дейін далалық өңір болған). Лияу-ниң өлкесінің Ху-лу-дау (葫芦岛) қаласы Та-шан (塔山) ауылындағы Яң-жия-я (杨家洼) байырғы жүртynan сол кездегі адамдар қызылт түсті жер бетіне сары тошырақпен сзыш жасаған екі ұлудың басын көкке соза самғап ұщқан бейнесі табылған [2]. Осы сияқты Евразия даласының шығыс бөлігіндегі дала көшпелілерінің он мың жылдық өмір өрнектері өрнектелген. Ішкі монғұлдағы әйгілі Шұғай тауының жартас суреттерінде де адамдардың ең алғашқы ұлуға бейім құрама, қияли макұлықтарды жартас беттеріне салғандығы байқалған [3]. Шығыстарестік Қытайдағы Лияу-ниңнің Хуң-шан (қызыл тау) мәдениетінен қастасынан ойылған осыдан бес мың жыл бұрынғы ұлу мүсіні табылған.

Археологиялық тұрғыдан қарағанда, ұлу тотемі Азияның шығыс терістігіндегі ұлан-байтақ далалық өңірлерде пайда болыш, осыдан 7-8 мың жыл ілгері шығысқа қарай кеңейіш Хуң-шан мәдениетіне (Хуң-шан — Қызылтау мағынасында, Бұл б.з.б.3500 жылдың алдында, Ішкі монғұлдың шығысы, Лияу-ниңнің батысы, Хы-бейдің солтүстігі, Жи-линнің батысына таралған мәдениет), оңтүстікке қарай кеңейіш, Яң-шаш мәдениетіне (б.з.б.5000ж – б.з.б.3000 ж, Сарыөзеннің орта өңірлеріне таралған) әсер еткен. Бес мың жылдың алдына жеткенде, Қытайдағы терістігіндегі көшпелілердің негізгі табыну нышанына айналған. Одан да кейін біргіндеп, көшпелілердің көсемінің образына айналған [4, 333].

Қытай жеріндегі ұлу тотемінің келу қайнары туралы деректер қытай тарихына қатысты байырғы ақыз-ертеғілерден байқалады. Қытайдағы жазба деректер мен ақыз ертеғілердегі «ұлуды» тотем етудің арғы сілемін Хуанди тайпасына дейін ашаруға болады. Хуанди тайпасы Шуанюан (轩辕) деп те аталады. «Тау-теңіз шекіресінде» (山海经·海内西经): «Шуанюан елі, ... Адам басты, жылан денелі» деп жазылады. Хуандиды білдіретін Шуанюанның

қытайша жазылуы 轩辕 болыш, оның екі өріші де арбаны білдіретін 车 қосымпасымен қосылып жасалған. Бұның алдыңғысы 轩 – биік деген мағынаны, соңғысы 轮 – арба дәртесі. Демек бұдан жеке-жеке мағыналғанда «биік арба дәртесі» деген мағына шығады. Бұл бір жағынан «биік арба» дегенді білдіреді. Сақтар арбаны ташқырлаған, арамен көшіп жүретін халық. Қытай тарихи аңыздарында баяндалуынша, Сарыөзен мәдениетінің бетін апушы, қытай ұлтын қалыптастыруға дәнекер болған байырғы басты тайпалардың бірі - Хуанди да Қытайдың орга жазығына айдағар жегілген арбага отырып, алдынан бері жол бастап, артынан аруақ қолдац, корғаш келеді [5]. Қытай этнография қоғамының жорасы Лин-хы мырза ұлу тотемі туралы: «Қытайда кемелді ұлуға тасаттық беру әдеті болмаған. Ғұндар жылына үш рет ұлуға тасаттық беріп отырған... ...Қытайлар жаңбыр тілегенде ғана ұлуға тасаттық беретін болған», - деп жазады [4, 113]. Ішінара ғалымдар терістік көшшелілерінің ұлу тотемінің тарихы 25 мың жылға барады деп межелеген [4, 383]. Эрине, мамандардың бұл көзқарасын ақыргы қорытынды қарапаға болмайды. Десе де Америка үндістерінде ұлу тотемінің болғандығына қараганда, Қытайдың терістігіндегі ұлу тотемінің тарихының кем дегенде 10 мың жылдан ары баратындығын білеміз. Өйткені антропологиялық және мәдениеттік жақтағы зерттеулердің нәтижесі, Америка үндістерінің арғы тегі Терістік Азиядан келген деген тұжырымды жақтайды. Бұндағы ерекше бір жағдай осыдан үш мың жылдың арғы жағындағы орталық Америка құрылышында дәурен сүрген үндістердің «Өлмек» мәдениетіндегі ұлу тотемінің бейнелеу өнері жағындағы Қытайдың терістігіндегі ұлу тотеміне жақындығы [6].

Ұлу тотемінің терістік көшшелілеріне байланысты болуының бір дәлелі оның жылқымен баламалануы. Шығыстан табылған ең алғашқы ұлу мүсіндері мен ұлу суреттері негізінен басы жылқыға ұқсайды. Ғалымдардың ішінде ұлудың арғы тегі жылқы деп қарайтындар да аз емес [7, 21]. Жоғарыда біз ауызға алған Қытай мәдениет атапарының бірі Хуандидің де терістіктен ат жегілген арамен келуі «айдағар жеккен арбаға отырыш келу» болыш тілсімдендірілуі де осының айғағы.

Ұлу тотемі терістік көшшелілерінің жасампаздығы дегендеге, тек Қытай жазбаларындағы Сарыөзеннің терістігіндегі алтай тілдес көшшелілер ғана көзделмеген, қайта тарихтан ілгері Сарыөзен алабына қоныс тешкен терістік көшшелілерінің ұрпақтарын да өз ішіне алады. Енді бір жағынан, кей зерттеулерде Қытайдағы ең өуелі егін шаруашылығы қалыптасқан өңірдің Чанжияң өзені алабы екендігін, Сарыөзен алабының ертеде далалық жайылымдық өңір болғандығын көрсетеді.

Археологиялық деректерге қараганда Қытайдағы Чанжияң өзенінің оңтүстігіне ұлу тотемі кейіншірек таралған тәрізді. Осыдан жеті мың жыл

Я.Күмарұлы. Көшшелілер және байыргы Қытайдың орга жазық...

бұрынғы Чаң-жияң (Қытайдығы ең үлкен өзен) алабының Чиян-яң Гау-мияу (黔阳高庙), Чаң-ша да-таң (长沙大塘) байыргы жүрттарынан ұлу тотемінің белгілері байқалмаған. Фалымдар осыдан төрт мың бұрынғы Чаң-жияңпің төменгі ағарындағы Лияң-жу (良渚) мәдениетінде ұлу тотемінің көрінісі бар деп қарайды [4, 109]. Бұл осы мезгілде терістік көшшелілерінің үршақтарының шығыс теңіз жағалауын бойлап жылжып осы өнірлерге дейін жеткендігінен дерек берсе керек. Шығыс Азиядағы Жапония, Тайланд, Вьетнам, Филиппин, Индонезия, Сингапур сияқты елдердің барлығында да белгілі шамада ұлу тотемі сақталған. Алайда, бұлардың барлығынан ұлу тотемінің тым арыдан басталатын тарихи, археологиялық дерегі жолықтайды. Міне бұлардың бәрі ұлу тотемінің осы өнірлерге Қытайдың терістігінен барғандығын үғындырады.

Сегіз мың жылдық дерекке ие Терістік Азия ұлуды кем дегенде осыдан үш-мың жылдар аралығында Евразия көшшелілері арқылы батыс дүниесіне таралады. Ресейдің Орал таулы өніріндегі байыргы моладан осыдан бес мың жыл бұрынғы қола ұлу табылған. Қазақстанның Ақмола өнірінің оңтүстігіндегі Қарағаш деген жерінен Фұндардың немесе Сақтардың алтындалған ұлуы табылған [8]. Алтай Қатон қарағайынан табылған ағаш оймалардағы жануар бейнелері батыста крифон атаптыңымен Қыыр Шығыста «ұлу» дедінеді. Түркіменстан жеріндегі осыдан үш мың жыл арыдағы Марғұш елінің жүрттынан, байыргы қала тұрғынының бойтұмары табылған. Осы бойтұмарға киелі бұқа мен ұлудың алысқан бейнесі түсірілген [9]. Б.з.936-жылы салынған бір Парсы қабырга суретінде Қыыр Шығыс ұлуды мен парсы батырының алысқан көрінісі бейнеленген [4, 109]. Батыс дүниесінде ұлу туралы қиял-ғажайыштар да жиі ұшырайды. Байыргы Қыыр Шығыста бір таңғажайыш асыл – «алтын қой жұні» бар болыш, оны кім қолға түсірсө сол түгемес – біттес ыргын байлыққа батады-мыс. Алайда бұл асылдың жанында мәңгі ұйықтамайтын бір ұлу қорғап жатады. Осылай, батырлардың теңізден өтіш, ұлуды жеңіп, алтын қой жұнін қалай қолға түсіргендігі әңгімеге арқау болады [4, 112]. Дәл осы сияқты бір Грек ертегісінде: Перілердің бақшасында бір тұп алтын алма ағашы болыш, оны да бір ұлу құзетші тұрады [4, 112]. Бұндай ұлумен алысқан қиял-ғажайыш ертегілері араб, парсы және Орга Азия халықтарында да көп кездеседі. Араб, парсы аймақтарын қамтыған батыс қиял-ғажайыштарында ұлу жауыздықтың символы ретінде суреттеледі. Кейбір фалымдар бұны Азияның терістігіндегі ұлу тотемді көшшелілердің батысқа жасаған қанды жорықтарынан болған деп қарайды [4, 112]. Сонымен батыстықтардың санаасында «ұлу» жауыздықтың символы ретінде орнады да, орга ағасында Европа және Орга Шығыс халықтарының әдебиеті арқылы орга азиялық түркі тілдес халықтарға қайта оралды.

Ұлу тотемінің Азияның шығыс терістігіндегі далалық өнірлерде тым ертеде пайдада болыш, шартараңшқа таралғандығын жоғарыдағы фактілерден

көргө болады. Кейінгі түркі тілдес халықтардың этникалық негіздерін құрауға қатысқан көптеген ұлыс-тайпалар және ұлттар кезінде осы ұлу тотемі пайда болып, таралған өңірлерде болғандығы белгілі. Ендеше бұлардың ішінде де ұлу тотемділірі болары сөзсіз.

Қытайдың аруақ арқылы әдеп уағыздалады, бұны терістіктің ғулары (胡 – ғулар ғұндардың аргы атасы немесе тағы бір аталуы) мен онтустіктің гүеттері (越) ұлу шақыру (тасаттық беру) дейді, – делінген [10]. «Тарихи жазбалардың» - Ғұндар тарауында: «Ғұндар ұлуга табынады, ұлуга арнаш жылына ұш рет тасаттық береді. Ұлуга арнаш тасаттық беретін орын Ұлу балық делінеді» - делінген [11]. Ғұндардың ру басыларының жиналыс еткізетін жері де, ғұн көсемдерінің ордалары да «ұлу ордасы» (龙庭) аталған [12, 650]. Ғұндардың туына ұлу суреті салынған. Қазақтың этникалық тегінің бірі саналатын Нұқістерді (月氏) де бірсыныра ғалымдар ерте замандағы «ұлу елі» деп таниды. Ал, нұқістерді сактар деп біледі [13]. Наштелер – ұлу елі дегендік – сактар ұлу елі дегендік.

Терістіктегі жер аттары мен ұлыс және ұлыс көсемдеріне ұлу атының байланыстырылуы Қытай деректерінде көп ұпырайды.

Қазіргі қазақ ұлтын құраған этникалық негіздердің Сактар, Ғұндар, Үйсіндер, Қаңылар т.б. екендігі белгілі. Ендеше бұдан ұлу тотемі өрбіген өңірде жасаған, көшіп-қонған, ұлуга табынған ғұндар сияқты ұлыстардан құралған қазақ ұлтының дәстүрлі мәдениетінде ұлу тотемінің іздері байқала ма деген сұраудың тууы табиғи.

Ұлу тотемінің қазақ мәдениетіндегі іздерінің бірі – қазіргі қазақтың ою-өрнегі. Ұлу тотемі сияқты ұлудың адамдар санасындағы бейнесі де мындаған жылдық кезеңдерді бастап өткериң, өзгеріш кемелдене түскен. Ол осы мынадай барыстарды басып өткендігі байқалады:

1. Таралу бағыты: Терістік Азиядан әуелі шығысқа, одан онтустікке, соңынан батысқа бағытталған.

2. Ұлу өрнегінің салынуы: Ең әуелі жартас суреті, онаң соң қыш ыдыстарға, қастасы бүйімдарына және қола құралдар мен басқа заттарға өткен.

3. Бейнелеу өнері жағында: ұлу бейнесі әуелі иірім сыйықтардан жасалған қияли жануарлармен – бұғымен, жылқымен, доңызбен, жыланмен, құстар мен т.б. біріктіріліп жасалса, одан әсірелеуге, әшекейлеуге, әсемдік бейнелеуге көшті. Соңында екі бағытқа: бірі, қазіргі ұлу өрнегіне, енді бірі, абстракт түрдегі қазіргі қазақ, қыргыз ою-өрнегіне айналды.

4. Танымдық жақтан: жартас беттеріне, қышы, қас тасы және қола құралдарына салынған түрлі сыйбалар мен өрнектерге көз жібергенде, атабабалармыздың жаратылысты жай танудан оның сырына ұңғлуғе, ғажайып, тылсым, құдіретті сыртқы құштің сезінуге, оған табышуға, оны

Я.Күмарұлы. Қошпелілер және байырғы Қытайдың орта жазық...

өзіне тотем тұтуға өткендігін, соңдай-ақ оны өз сезім-түйсігі, ой-қиялды бойынша бейнелегендігін байқаймыз.

Адамзаттың бізге белгілі ед байырғы суреткерлігі жартас беттерінде қалған. Олар жаратылыс дүниесіндегі нышандарды өз өліне сай жартас беттеріне сызып отырған. Бұл жер шарының адам жасаған барлық аумақтарынан кездеседі. Алайда осыларға салыстырмалы түрде Азияның қыыр шығысы немесе тұтас Тынық мұхит жағалауларындағы өңірлердің жартас суреттерінде жолығатын иірім сызықтардан құралған бейнелерге басқа тұргыдан қарауга тұра келетін төрізді. Иірім сызықтар жана тас дәүірінен қола дәүіріне дейінгі қыш ыдыстарда да көп жолығады. Тіпті қыш ыдыстардағы бұл өрнек Европа, Азия, Африка, Америка құрылышына жашай таралған әрі оларда өзара үқастық байқалады. Егер біз осы қыш ыдыстардың сыртына салынған иірім өрнектерді әсемдік үшін немесе бостықты толтыру үшін салынған десек, онда тұтас Тынық мұхит жағалауларындағы өңірлердің жартас суреттерінде жолығатын иірім сызықтарды қалай түсіндірер едік. Әрине иен даланың жартас беттеріндегі бұл иірім сызықтардың бостық толтыру да, әсемдік те рөлі жоқтығы белгілі. Демек Терістік Азияны өз ішіне алған байырғы Тынық мұхит жағалауларындағы халықтар жаратылыс дүниесіндегі өзі байыбына бара алмаған тылсым да жойқын құштердің осындағы иірім сызықтармен байланысты болу мүмкіндігін тым ерте байқаган төрізді. Аспандарғы тұрақты жұлдыздар жүйесінен құс жолы жүйесіне дейін, жердегі теңіз дауылы, алыш құйындар, судағы шұщет іірімдер, тіпті адамдардың басындағы орайынан саусағының ұшындағы орай сызықтарға дейін барлығы да осындаі еді. Әсіресе алыш құйындар мен теңіз дауылдары шыр көбелек айналған мақұлышқа ұқсауы, адамдар санасында денесі құйынша ұйытқыған бір түрлі тотемдік мақұлыш – “ұлуды ” пайда қылған. Ол көбінде теңіз бойларында туылатындықтан ұлу көп халықтың санасында суда жасайды деп қалыптасқан. Осымен иірім алғапты ұлудың символы саналған. Тынық мұхит жағалауындағы халықтар өздері көзімен көріш, басынан кешкен осы бір құдіретті құштің иесін жартас беттеріне иірім сызықтармен бейнелеп, оған табынған. Осындаі иірім сызықты өрнектер күндер өте келе жартас беттеріндеған емес адамдардың күнделікті мінәжат құралдары мен тұрмыс бұйымдарына дейін салынатын болған. Ол кілец иірім сызықтар емес ендігі жерде иірім, мүйіз, толқын сызықтармен екі көзі, кей мүшелері бар жануар кейшіндегі тотемдік мақұлыш түрінде кескінделген. Яғни тылсым жаратылыстық құш жануар түсін ала бастаған. Міне осындаі ұлу бейнелері Азияның терістігіндегі далалық өңірлерде осыдан 7-8 мың жылдар ілгері пайда болған.

Ұлу тотемінің өзгеруіне сай ұлуга және ұлудың бейнесіне қаратылған таным мен ұлудың дene бітімін өрнектеу жағында бұрылыштар болған. Ұлудың бейнесі ұлкен жағынан нағыз жануар түсін алған ұлу келбеті және жануарлық түсін жойған кілец абстрактілік ою-өрнек болыш екі бағытқа бет

алды. Бұның алдыңғысына қытай ұлтын қамтыған Қыыр Шығыс халықтары, соңғысына терістікегі түркі тілді көшшелілердің үрпағы – қазақ, қырғыздар мұрагерлік етті. Қазіргі қазақ-қырғыз ою-өрнегінде дәл осындай төркін басты орынды еншілейді. Арғы заманғы Қыыр Шығыс ұлу өрнегінде, дене тұлғасымен сзызылған ұлу бейнесі де бар болғанымен, бүйраланған ою сзызықтармен сзызылған ұлудың бет өрнегі басты орында болған. Бұл бөлкім ұлудың нағыз бейнесінің қандай екендігін шамалау және оны кескіндеудің қызындығынан болар. Ұлу өрнегінің қазақ-қырғыз ою-өрнегіне айналған түрінде ұлудың дене тұлғасымен сзызылған бейнесі де, ұлудың бет өрнегі түріндегі көрінісі де жолығады. Осылардың ішіндегі қазіргі қазақ-қырғыз ою-өрнегіне ең жақыны – Қытайдың Чанжияң өзенінің орта-төменгі ағарындағы Хунап өлкесінің Ниншияң ауданынан (湖南宁乡) табылған күй аспабы даңғараның бетіне салынған ұлудың бет өрнегі болып отыр [14]. Қытайдың оңтүстігіне бейім осы өңірге бұндай қола құрал және ою-өрнек ұлғілері терістікегі Сарызен алабынан барғаны ғылымға белгілі жай. Егер осы бет суретіндегі екі көздің нобайын алып тастасақ қалған бөлегін қазақ ою-өрнегі емес деп ешкім де айта алмас еді. Біз бұдан осы мезгілге жеткенде қазіргі қазақ ою-өрнегінің ұлу өрнегінен абстрактіленген түрінің қалыштасып болғандығын білеміз. Бұл арада ескерер жай осындай ұлу өрнегінің де, ұлу тотемінің де бастау алған жері – солтүстікегі Сарызеннің терістігі. Ұлу тотемі де, ұлу өрнегі де Қытайдың шығыс терістігіндегі теңіз бойын жағалаш оңтүстікке кейін еткен. Қазақ ою-өрнегінің қалыштасу барысы «Алystағы ата мұра» атты еңбегімде біршама толық баяндалады [14].

Ұлу тотемінің қазақ мәдениетіндегі іздерінің енді бірі – тірі тілде жатыр. Бұның тілдік деректерін де мынадай екі бағытта қарастыруға болады:

Қыыр шығыс халықтары ұлу суда жасайды деп түсінеді. Бұл өз кезінде теңіз құйыны және теңіз дауылы сияқты барлығын жалмап жұтатын жойқын күш иелеріне қаратылса керек. Теңіз құйыны және теңіз дауылы алыстан қарағанда түп жағы жіңішке, жоғарғы жағы жуан кәдімгі теңіз ұлудына ұқсайды. Бұл тотемдік ұлу мен кәдімгі теңіз ұлудының атының ұқсас болуының себебі болса керек. Аңыздарда ұлу келгенде боран соктыра, нөсер жаудыра келеді. Бұған қарағанда қазақ тіліндегі «дауыл» сөзі «дәу ұду» деген сөз болуы әбден мүмкін. Дәу – ұлкен деген мағынада.

Ұлу тотемінің қазақ тіліндегі іздерінің ең бірегейі – «ұлы» деген сөз. «Ұлу» мен «ұлудың» байланысы туралы түсіндірүлдерінде әр түрлі болса да, ғалым И.Исқақов ертеде-ақ осы жорамалын ортаға қойған. Ғалым еңбегінде: «Бұдан жүздеген мың жыл бұрын Сібір жерлерінде алып кесірткелер болған, олар аспанда ұшып, суда жүзіп, жерде аяқтарымен жүріп тіршілік еткен. ...Алып кесірткелер ертеде қырылып біткен, адамзат бертін пайда болған. ...Бұлардың кейбіреулерінің сүйектері қазір де музейлерде бар... ... Ежелгі сібір халықтары осындай өлімтіктерге кездесуі мүмкін. «Ұлу» сөзі ұлы, яғни ұлкен мағынасында десек, дәу кесірткені айдахарап деп те, темсақ деп те айтуда

Я.Құмарұлы. Қошшелілер және байыргы Қытайдың орта жазық...

болады. Оның қанаттары мен ескектері құс деп, балық деп үйғаруға себеп болады. «Қорыққанға қос керінеді». Осындай өлімтікті көрген ertedegi адамдар оның үлкендігіне, сырт тұлғасына қарай «ұлы» деп ат тағыш, «құрыққа сырый жалғап» фантазиялық хайуанға айналдырыш жіберуі оңай [15]. Фалым осы баянында үш нәрсөні дұрыс айтқан: оның біріншісі, «ұлу» тотемінің Сібір жерінен өрбігендігі; екіншісі, «ұлу» мен балықтың байланыстылығы; үшіншісі, түркі тілдеріндегі «ұлы» деген сөздің «ұлу» дегеннен келгені.

Ұлу тотемінің Азия құрылышының терістігінде пайда болғандығын жоғарыда түрлі дәлелдермен баяндағы. Ал ұлу мен балықтың байланысы туралы жоғарыдағы баяндаудан тыс тағы мынадай дәлелдерді көрсетуге болады:

«Балық» түркі тілдерінде екі түрлі мағына береді: Оның бірі – кәдімгі су жануары – балық; енді бірі – көне түркі тіліндегі қала мағынасын берген – балық. Осы арада ескерілмей жүрген бір нәрсе – су жануары балық пен қала дегендегі балықтың байланысы. Көне түркілерде «балық» — қала, қағанның негізгі ордасы, қыстауы [16]. Арғы заманы Шығыс Терістік Азия халықтарында ел басылары, ел басы тұрған орта, ел басына байланысты нәрселер «ұлу» атымен байланыстырылды. Ғұндардың жиналып ұлуга арнаш тасаттық беретін орын “Ұлу балық” аталды [4, 333]. Ғұндардың ру басылары жиналыс өткізетін жері де, ғұн көсемдерінің ордалары да «ұлу ордасы» аталды. Он екі мүшделдегі қазақ «ұлу» деп атайдын жылды үйғұрлар және кей түркі тілді халықтар «балық» дейді. Міне бұлардың барлығы «ұлу» мен «балық» бір нәрсе екендігін айғақтайды. Оның үстіне Қыыр Шығыс жерінде ұлу да балық сияқты суда жасайтын макұлық деп қаралған. Кумандіктердің ұлуды «кербалық» немесе «ұлу-аржан» атауы да осыдан.

Байыргы Шығыс Терістік Азия халықтарында «ұлу» алғашында тылсым тотем болғанымен кейінгі заманда шексіз биліктің символына айнала бастаған. Қыыр Шығыста ұлудың осындай екі түрлі символы бәзбаяғысынша сақталып қалған да, батысқа қарай жылжып Орта Азия өңіріне жеткенде араб – парсы, үнді-европа мәдениеттерінің әсерінде түсін жойған. Десе де тіл мәдениетінен бұның да көптеген деректерін тауыш алуға болады. Бұнда сүйенетініміз және де «ұлу» мен «ұлының» байланысы. Қытайдың орта жазық жеріндегі халықтар өз тотемдерін «ұлу» деп атағаннан кейін, күндер өте келе өз көсемдерін де «ұлу» атады. Терістіктері далалықтарда ел көсемі тұрған орын «ұлу ордасы» аталды. Бұдан ғұн қағандарының да «ұлу» аталғандығын білеміз. «Орда» сөзі бұрынғы түркі тілдерінде екі түрлі мағынада жұмсалған: бірі – билік орталығы тұрған орта; енді бірі – жыланның ордасы. Бұның өзі біріншіден, ел басы мен ұлудың теңестірілгенін (Ұлу жыланың ерекше үлкен түрі деп те қаралған); екіншіден, «орда» сөзі мен «ұлу» сезінің байланыстылығынан дерек береді. «Этимологиялық сөздікте» «орда» сезінің этимологиялық негізі талдана келіп, түркі тілдеріндегі «л» мен «з»-ның алмасу заңдылығы барлығын ескеріп «орда»

сөзін отыру мағынасындағы «олдұр», «олұх» сөздерінен келген деп шешеді [17]. Меніңші, бұл жоғарыда айтқанымыздай, «ұлу», «ұлығ» сөздерінен келген.

Ғұндарда жылына үш рет, көне жыл есебі бойынша әр жылы бесінші қаңтар, бесінші мамыр, бесінші қыркүйек құндарі жиналыс еткізіп ұлуға, кек тәніріне және аруаққа тасаттық беру әдегі болған. Тасаттық жиналысы болатын жер «ұлу балық» атанған. Ендепе сол тасаттық құннің «ұлу қуні» болары даусыз. Бұдан біз қазақта айтылатын «ұлыстың ұлы қуні» деген құннің дәл осы құпі болып, оның бұрынғы айтылуы «ұлыстың ұлу құпі» болса керек деген қорытындыға келеміз. «Кодекс Куманикусте» де «улу құнні ауырлағыл» (мереке құнді сыйла) деген мәтін жолығады.

Қыыр Шығыс азыздарында ұлу етін жеген адам қартаймайды, өлмейді деп баяндалады. Қытайлар көл-кесір, аса сыйлы дастарқанды «ұлу еті» деп те атайды [12, 641]. Ал, киелі таулар «ұлу тау» делінеді. Бұлардан біз қазактағы айтылатын «Ұлы тауға шықтың ба, ұлар етін жедің бе» дегенниң арғы төркінінің «Ұлу тауға шықтың ба, ұлу етін жедің бе» деген сөз екендігін білеміз. Оның үстіне, Ұлар – ұшар құстын ең бір тобанаяғы, оны тауда өскен қазақтың он жастағы баласы да ұстай алады, қазақ жүрген тауларда ұлар да көп, оның қазаққа еш таңсықтығы болмаса керек.

Ұлу жоғарыда айтылғандай, қыыр шығыстық халықтарда тотемдік мақұлық болудан тыс ел көсемдері мен орданың символына айналған. Дәл осындай жағдай түркі тілді халықтарда да қалыптасқан. Мәнжұ және қытайларда бұрынғы заманда патша – ұлу, патшаның ұлы – ұлудың ұлы, патшаның киімі – ұлудың киімі, патшаның төсегі – ұлудың төсегі делінген т.б. Данышпан, кеменгер, ерекше қадірлі, аяулы адамдардың атына да «ұлу» жұмсалған. Қасиетті жер аттарына «ұлу тау», «ұлу өзен» т.б. аттарын қойған.

Түркі тілділерде «ұлу» байырғы замандарда ел көсемдерінің атына телінгендігін жоғарыда көрдік. Бұдан басқа және жоғары мәнсап, мәртебе иелерін де «ұлук» немесе «ұлық» атады. Демек «ұлу» аты бастапқыда көсемдерге қаратылса, кейін біртіндеп басқа да жоғары мансап-мәртебе иелері «ұлу» аталатын болды. Мәнжұ, қытай сияқты халықтар данышпан, кеменгер, ерекше қадірлі, аяулы адамдардың атына «ұлу» сөзін қосса, түркі тілділерде ұлы көсем, ұлы перзент, ұлы ақын сияқты атаулар болды. Осы тәрізді мәнжұ, қытайларда «ұлу тау», «ұлу өзен» дегендер бар болса, түркі тілділерде «ұлы тау», «ұлы дала» сияқтылар кездеседі («ұлы» сөзі «Кодекс Куманикуста» ұлуға бейім «улу» түрінде жолығады). Бұдан алтайлықтар мен телеуттердің «ұлуды» «ұлы» деуінің мән-маңызын тіptі де жете танитын боламыз. Байырғы Шумерлердің тілінде де «уду» қасиетті деген мағына берсе; баба түркі тілінде «удук» қасиетті дегенді білдірген [18]. «Ұлу» қазіргі қазақ тілінде жыл қайыруда «ұлу» аталудан тыс көбіндеге «айдаар» делінеді; монғұл тілінде «лу»; қазіргі қытай тілінде «лон», байырғы қытай тілінде «лион»; қытай тілінің қазіргі Гуанджу диалектісінде «олиу» түрінде жолығады.

Я.Құмарұлы. Көшпелілер және байырғы Қытайдың орта жазық...

Сонында айтарымыз, терістік көшпелілерінен қытайдың орта жазығына ұлу тотемі ғана енген жоқ, сонымен бірге тасаттық, тілеулерде ойналатын (бақсызық) ұлу би де келді. Ол кейінгі кездерде орта жазық би өнерінің құрамдас болғане айналды [19].

Терістік көшпелілерінің әдебиеті қытайдың орта жазық әдебиетіне ғана емес, сонымен бірге қоғамдық наным-сенім, идея-көзқарастарына дейін тереңнен әсер етті. Бұны жоғарыда баяндалған Таң-соң дәуірінде терістік әдебиетінің әсерінде қалыштасқан жырды (词) баяндағанда да аңгарған болатынбыз. Қытайдың әдебиеттанушы маманы Уаңчиң (王青) көшпелілер әдебиетінің орта жазықтың наным-сеніміне жасаған әсер-ықпалы туралы: «Батыс өңір мәдениетінің енуімен, орта жазыққа қыруар тың елестер (表象) ағылып кірді, бұлар қытайлықтардың ой жүйесіндегі елес желісін барынша байытты», «Батыс өңір мәдениетінің енуі, елестер аралығында байланыс орнату қағидасын өзгертіп, түрлі елестер ара тіпті де оңай, тіпті де еркін байланыс орнайтын етті. Сонымен тың елестер майданға келді. Міне бұл батыс өңір мәдениетінің орта жазықтың елестік қабілетіне әсер жасаған ең басты формасы, оның қытай әдебиетінің әрқайсы жақтарына жасаған әсері аса зор болды», «Ол қытайлықтардың дүниенің және барлық тіршілік ғаламының өмір сүруі туралы танымын өзгертуі. Әлемдегі барлық заттың иесі мен киесі болады көзқарасы мен қытайлықтардың жаратылыстың заңы – бастысы қозғалыстың өзгеріс заңы көзқарасын өзгертуі және дамытты. Орта жазықтықтарды материясыз бірлік, тұрақты елшемі, қозгаушы күші, нысанасы болмаған қозғалыс (өзгеріс) өмір сүреді, мұлде еркін түрдегі қозғалыс және өзгеріс болады дегенге сендірді», – деп жазады [20].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. 《欧亚草原有角神兽牌饰研究》, 西域研究, 2009年第3期, 34-44页.
2. 《Қытай мәдени мұралар газеті》, 1997жыл, 8-маусым күнгі немірінде.
3. Сұн Ұыччаң: Қытай мәдениетінің тарихи сораптары (қытайша), 1999ж. Шанхай. 86.
4. 林河 : 《中国巫傩史》, 花城出版社, 2001年, 333页.
5. 《韩非子·十过》. Бұл Хуанди тайпасы қытайдың орта жазығына батыс терістіктен келген сактар болса керек дегенді тіпті де растай түседі. Оның елі жылан денелі дегендік олардың айдашар тотемділігін білдіреді.
6. Шүй хұй: Олмектің байқалуы, Иүннан халық баспасы, 2001ж. 346, 566, 666.
7. 郭物: 《国之大事 古代 · · · · 》, 四川人民出版社, 2004年, 216.
8. Otto J.Maechen-Helfen, The World of the Huns, University of California Press, Berkeley, 1973, p.304 (Цитата алынған материал: Жу шуеюан, Қытайдың терістігіндегі ұлттардың төркіні (қытайша). Жунхуа кітап мекемесі, 2002ж. Бейзин, 269б).
9. Азаттық армия газеті, 1985ж. 5-тамыз, 36. «Советтер одағында уш мың жылдың алдындағы байырғы елдің жұрты табылды» атты мақала.

ТҮРКОЛОГИЯ, № 4, 2011

10. «淮南要略篇高注» (Ситат Жоңшан университеті ғылыми журналы 1961ж. №2, 65-беттөн алынды).
11. Тарихи жазбалар. 110-тарау, Ғұндар баяны.
12. Қытай тілінің алып сөздігі, 1982ж. Тайбей. 38-том, 6506.||.
13. 徐文堪: «吐火罗人的起源» (Тохарлардың тегі), 昆仑出版社, 2005年, 北京, 3216.
14. Құмарұлы Я. «Алыстағы ата мұра», Ұлттар баспасы, 2003-жыл, Бейжин.
15. Искаков М.. Қазақтың байырғы календары, 1960ж. Алматы, 746.
16. Н.Базылхан: Көне түрік этнографиясының бітік тастандағы деректуралық негіздері, SHYGYS №1, 2004, 139-1486.
17. «Қазақ тілінің қысқаша етимологиялық сөздігі», 1966 ж. Алматыда басылған нұсқасына сай «Ұлттар баспасы» 1987ж.
18. Асан Бахти: «Шумерлер, скифтер, қазақтар», көшпелілер баспасы, Алматы, 2003-жыл, 216.
19. 王青: «西域地区的龙崇拜以及对中途文化的影响», 《西域研究》, 2004年, 第2期.
- 30.王青: «西域文化影响下的中古小说», 中国社会科学出版社, 2006年, 第94 ~ 96页.

REZUME

Y. KUMARULY (Urimzhi)
NOMADS AND TOTEM CULTURE OF MIDDLE VALLEY OF ANCIENT CHINA

The article deals with the language, historical and archeological bases of totem Ulu (dragon) which comes to the middle valley of ancient China from nomads of the North.

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ДІН

Аширобек МУМИНОВ

МУСУЛЬМАНСКАЯ ОБЩИНА И ‘УЛАМА’ В ТУРКЕСТАНЕ

Мемлекет пен діни қауымдастық арасында тұрақты қарым-қатынасты орнатуда діни беделді адамдар маңызды рөл атқара алды. Осы орайда мақалада Ташкентке кеңес екіметі кезінде ислам фундаментализмі идеясының тарату мақсатымен араб провинциясынан келген Шами-Дамула туралы, оның ізбасарларының атқарған жұмыстары жайлы сез болады.

Devlet ve din toplumu arasındaki ilişkilerde din bilgimleni büyük önem taşımaktadır. Bu makalede, Sovyetler Birliği döneminde İslami azınlıkçı uyumak üzere Taşkent şehrine gelen Arap kökenli Şami-Damulla ve talebelerinin çalışmalarından söz edilmektedir.

В создании стабильных взаимоотношений между государством и религиозной общиной (равно как и в дестабилизации этих взаимоотношений) ключевую роль могут сыграть религиозные авторитеты. Давно замечено, что учения ислама на разных этапах его истории разрабатывались многими поколениями ‘улама’ – религиозно образованными людьми, сохраняющими статус частных лиц и являющимися одновременно представителями гражданского общества. В средневековых мусульманских обществах государственная власть, как известно, не обладала прерогативой в разработке собственно религиозных вопросов, в противовес этим частным лицам. Со временем власти приспособились к особым условиям регулирования ситуации в области непростых и запутанных вопросов религии через среду ‘улама’. Очень часто обсуждение вопросов религиозной веры могло превратиться в противостояние в обществе, в источник социальной нестабильности. Для преодоления социальных эксцессов в ранний период широко распространенным методом стало озвучивание через того или иного видного богослова прогосударственных позиций в публичных местах: в соборной мечети, квартальных мечетях или на базарах. Часто такая позиция давала обратный эффект: общество отворачивалось от такого богослова, который терял общественный авторитет. Однако конформизм в среде богословов возрождался вновь и вновь.

Как показывают исторические исследования, с самого начала проникновения ислама в Туркестан в первой половине VIII века проведение той или иной религиозного мероприятия со стороны ‘улама’ имело двойной контекст – собственно религиозный и социальный. Во втором случае любое масштабное религиозное мероприятие могло опосредованно выражать кровные интересы (прежде всего перед властями) тех или иных слоев населения. Для них

ислам стал как бы формой отстаивания своих социальных, экономических интересов, выражения социального протesta. В этом качестве ‘улама’, по сути, играли роль общественных деятелей.

Другими эффективными методами властей стали их попытки создать нечто вроде иерархии, или, скажем, адресного финансирования системы конфессионального образования. Даже в годы установления власти «неверных» (кара-китай, монголы; 1137-1370 гг.) деятельность государства в этом направлении не прекращалась, сохранялся механизм мирного решения конфликтных вопросов. Диалог, учет взаимных интересов, терпимость на протяжении долгого периода средневековой истории служили гарантом общественной стабильности.

С появлением Российской империи, сложилась принципиально новая для Туркестана ситуация, а установившиеся веками традиции начали нарушаться. Это проявилось в политике, получившей название «игнорирование ислама»¹, проводившейся царскими генерал-губернаторами и, по инерции, ранней советской властью. Однако такая «неопределенность и нерешительность» в отношении ислама со стороны ортодоксально-православной, затем атеистической России не означало отсутствия репрессивной политики. Достаточно напомнить о принимавшихся тогда властями мер против системы конфессионального исламского образования путем национализации вакфов, по прекращению государственного финансирования религиозных учреждений; преследование суфиеv и суфизма в период после Андижанского восстания (1898 г.). В результате проведения непродуманной политики Царской Россией в отношении религиозных авторитетов был упущен исторический шанс сотрудничества и диалога государства с местными ‘улама’. Все вышенназванные действия властей на территории Туркестана, вопреки логике сложившихся традиций, привели к сложению в среде ‘улама’ атмосферы недоверия и даже перехода части их в скрытую или открытую оппозицию².

Большинство исследователей находят религиозную политику Советского государства репрессивной и в целом оценка корректна [1].

¹ Можно говорить об игнорировании социального значения ислама, некорректном понимании его роли в жизни местных народов и поэтому отказе от прямого вмешательства. При Советской власти начались массовые репрессии, что явилось уничтожением «конкурирующей идеологии», т. е. религии. Именно поэтому удар был нанесен по экономическим основам религии (вакфы).

² Позиция ‘улама’ по отношению к колонизаторам в принципе была неодинакова: Babajanov B.M. Russian Colonial Power in Central Asia as Seen by Local Muslim Intellectuals // Looking at the Colonizer. Cross-Cultural Perceptions in Central Asia and the Caucasus, Bengal, and Related Areas / B. Eschment, H. Harder (eds.). Berlin: Ergon Verlag, 2004, pp. 75-90.

А.Муминов. Мусульманская община и ‘улама’ в Туркестане.

Постоянное давление на религию и ее носителей (‘улама’ и верующих) было главной составляющей константой в тотальной антирелигиозной политике почти за весь период существования советской власти³. Опубликованные на сегодняшний день значительные исследования по исламу в Средней Азии за советский период (см., примечание «4»), за редким исключением, основаны на очень ограниченном материале хранящихся в официальных архивах. Кроме того, исследователи чаще всего не имели исламоведческой подготовки, или опыта исследований особенностей истории религии в Туркестане. Возможно поэтому, названные исследователи рассматривают скорее политический контекст названных проблем, что едва ли может быть признано корректным.

По крайней мере, новые исследования и вновь обнаруживаемые материалы показывают, что проблемы религиозной (в том числе и репрессивной) политики в советский период гораздо более разнообразны и глубже. Например, следовало бы выделить такой аспект проблем, как мероприятия, направленные на разрушение «национального», «местного», «народного» ислама изнутри. Что касается раннего периода ислама в регионе, особую актуальность в наше время приобретают малоизученные проблемы – зарождение и эволюция идей исламского социализма и джадидизма [2]. Первая теория пригодилась для преодоления внутреннего сопротивления гражданского общества после уничтожения в 1920 г. полунезависимых государственных образований-протекторатов на территориях Бухарского ханства/эмирата и Хивинского ханства. Идеи «подозрительных» в своих истоках для царских властей джадидистов тоже сыграли свою положительную роль, сначала в ослаблении, затем в полной ликвидации сети мусульманского конфессионального образования. Особенно показательна в этом плане деятельность Мунаввар-кари ‘Абдурашидханова (убит в 1931 г.) и Главного вакуфного управления (1923-1926) при Народном комиссариате просвещения (Наркомпрос). Следует заметить, что обе теории в качестве «побочных продуктов» породили такие идеи, как «полезный»,

³ Исключение составляет период горбачевских перемен, когда гораздо уместнее говорить об обратном давлении ‘улама’ на государственные органы (соответствующие документы, ультиматумы и информацию мы в настоящее время изучаем совместно с Б. Бабаджановым). Такую трансформацию позиций из вынужденно-подчиненной в нетерпимую можно рассматривать как результат реакции богословов на прежнюю репрессивную политику, а в международном контексте – как часть общих политических процессов в исламском мире.

«прогрессивный ислам» (*таракки-парвар*), внедрение светских дисциплин в систему конфессионального образования и др.

Однако, это темы отдельных исследований. В рамках же данной статьи мы хотели бы остановиться на вопросе появления и распространения идей исламского фундаментализма в регионе в советский период. И оно связано с именем и деятельностью крупного ученого, богослова-эмигранта из арабских провинций Османской империи Шами-дамулла.

Его полное имя – Са‘ид ибн Мухаммад ибн ‘Абд ал-Вахид ибн ‘Али ал-‘Асали ат-Тараблуси аш-Шами ад-Димашки (родился около 1867-1870 гг. в ливанском городе Тараблусе, умер в 1932 г. в Хорезме). Этот богослов-путешественник известен своей долгой (около 15-20 лет) пуританской деятельностью в Восточном Туркестане. Речь идет о попытке переориентировать «местный ислам» по традиционалистским канонам, то есть с опорой на хадисы [3]. Шами-дамулла прибыл в Ташкент из Пекина 13 февраля 1919 г. Видимо, своему переезду в столицу Западного Туркестана он был обязан своим хорошим отношениям с русским консулом в Кашгаре.

